**Жолсеитова Арайлым Галымбековна**

# Авторлық бағдарлама

Медиасауаттылық-заман талабы



## Түсінік хат

Авторлық бағдарлама оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары және элективті курстарды әзірлеу және әдістемелік қамтамасыз ет барысында барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды басшылыққа ала отырып, «Оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары мен элективті курстарды сараптамадан өткізу және оларды жаңартылған білім беру мазмұны аясындаәдістемелік қамтамасыз ету» туралы ереже ҚР-ң 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ «Білім туралы» Заңына (06.05.2020 жылы енгізілген толықтырулар мен өзгертулер негізінде) сәйкес әзірленді.

Қазіргі демократиялық қоғамда медианың (коммуникация құралдары) қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөлі өте үлкен.

Медианың негізгі міндеті – азаматтарға елде және әлемде болып жатқан оқиғалар жайында ақпарат беру. Қазіргі заманда сауатты адамның оқи алуы, санай алуы және жаза алуы аздық етеді. Әртүрлі медиа мен түрлі ақпараттық арналар арқылы ақпарат келіп түседі. Оқушылардың ақпаратты табу үшін, пайдалы қырынан пайдалану үшін, сыни тұрғыда ойлап-қорыту үшін қабілет-қарымы жетпей жатады. Ол үшін **медиа және ақпараттық сауаттылық** деп аталатын дағдыны мықтап игеру керек.

Біздің өмірімізді ақпараттық және коммуникациялық технологиялардан бөліп қарау мүмкін емес. Медиасауатты адам болу үшін ақпаратпен және ақпараттық технологиялармен дұрыс жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру керек.

Жаңа ақпараттық технологиялардың ықпалынан коммуникация үрдісі де, адамдардың жүріс-тұрысы да біршама өзгерді. Қазіргі уақытта кез келген адам бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде контент жасауға қатыса алады, яғни өз бетін- ше ақпарат жазып, оны Интернетке жүктей алады. Бүгінгі таңда ең негізгі ақпарат көзі қызметін жаһандық желі атқарып отыр.

**Интернеттің көмегімен:**

- Әртүрлі кітапханаларды, анықтамаларды (географиялық, арнайы, мекен-жай және т.б.), сөздіктерді пайдалануға;
- Хабарлама, хаттар, құжаттар, аудио-, фото- және видеоматериалдарды жолдау немесе алуға, соңғы жаңалықтардан хабардар болуға;

- Қашықтан шет тілдерін, информатика және басқа да салаларды меңгеруге;
- Білім саласындағы түрлі викториналарға, олимпиадаларға, конкурстарға, телеконференцияларға, ғылыми бірлестіктерге қатысуға;
- Жеке сайт ашуға;
- Электронды пошта қызметін пайдалануға;
- Компьютерге қажетті пайдалы ақпараттарды, оқу бағдарламаларын жүктеп алуға және т.б. мүмкіндік бар.
- «Интернетте өскен балалар» өздерін ақпарат айдынында еркін сезінеді, дегенмен олар мұғалімнің көмегіне зәру. Педагогтар ақпаратпен дұрыс жұмыс жасауды және өз ойын медиа құралдары арқылы дұрыс жеткізуді үйренуге көмектеседі.

**Медиасауаттылық** – бейнелерді (образдарды), дыбыстарды және хабарламаларды алу, талдап-сараптау және бағалау қабілеті, со- нымен қатар медиа әлемде жеке мақсаттарда дұрыс байланыс орнату қабілеті.
Медиасауаттылыққа мына құзіреттер жатады:

- Эстетикалық және шығармашылық: медиаконтентті зерделеу, жасау және түсіндіру қабілеті. Бұл қабілеттерді оқушылар өз беттерінше медиаконтент жасау арқылы қалыптастыра алады.
- Байланыс және коммуникация: медианың жәрдемімен қарым-қатынас орнату және түрлі медиа рөлдерді жобалай білу қабілеті, яғни ақпарат тұтынушы және ақпарат жеткізуші болып көру. Оқушылар бұған серіктестік орнату және тәжірбиелік тапсырмаларды орындау барысында үйренеді. Байланыс орнату дағдылары өз көзқарастарын білдіруге дағдылануға көмектеседі.
- Сыни ойлау және талдау: медиаформаларды және олардың мазмұнын әртүрлі талдау құралдарының көмегімен түсіну, түсіндіру және бағалау қабілеті.
- Қауіпсіздік: мәселелерді шешу және жағымсыз жағдайлардан аулақ болу. Интернеттегі қауіпсіздік туралы айтар болсақ, адамның жеке өміріне зиян келтіретін контенттен және қауіпті байланыстардан сақ болу керек.
- Медиа және ақпараттық сауаттылық – медианы, бұқаралық ақпарат құралдарын және басқа да ақпарат көздерін (кітапхана, мұрағат, мұражай) тиімді пайдалану қабілеті. Бұл сыни ойлау және өмір бойы оқу, іздену, білім алу дағдыларымен байланысты.

- Бұлар – азаматтық қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін өте қажетті дағдылар.

«Медиасауаттылық» курсы аптасына 1 сағат 8-сынып оқушыларына жылына 34 сағатты қамтиды.

**Бағдарлама мақсаты:**

оқушылардың бойында коммуникация құралдарын қауіпсіз пайдалануға қажетті құзіреттерді қалыптастыру; өз көзқарасын білдіруге, жеке таны- мын қалыптастыруға, өмір бойы ізденуге, оқуға, жаңа білім алуға машықтануға көмектесу.

**Бағдарлама міндеттері:**

- Баспасөзде жазылған, теле және радиобағдарламаларда, кинофильмдерде айтылған, интернетте және басқа да ақпарат көздерінде жарияланған ақпаратты зерделеп, талдап-сараптап, сыни бағалап және іріктей алатын болуы керек;
- Әртүрлі коммуникация құралдарындағы хабарламалардың шығу мақсаты мен себептерін түсініп, осыған байланысты сенімді ақпаратты таңдай алулары керек;
- Көпшілікке арналған ақпаратты, сондай-ақ ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін саналы түрде әрі тиімді пайдалана білулері керек;
- Ақпараттық хабарламаларды әртүрлі формада дайындай алулары қажет;
- Бұқаралық ақпарат құралдары мен медианың рөлін бағалап, олар бетпе-бет келетін қатерлерді түсіне білулері керек.

**Авторлық бағдарламаның жүзеге асыру формалары**: Жұмыс барысында оқушылар ұсынылған мәліметтер арасынан ең қажеттілерін таңдап алып, қосымша материалдарды жинақтау арқылы курс бойынша құрастырылған тапсырмалар арқылы:

-Өз ойын ашық айта алады;

-Өз іс-әрекетіне қорытынды жасай біледі;

-Шығармашылықпен жұмыс жасайды;

**Бағалау формалары:** Оқушылардың білім деңгейі алға қойылған мақсат пен жас ерекшеліктеріне қарай бағаланады. Бағалау барысында: материалдың дұрыс әрі сапалы баяндалуын, ұғымдар мен заңдылықтардың толық ашылуын, оқушылардың дербес жауап беруін, материалдың дәлелді баян далуын, интеллектуалды, жалпы оқуға қатысты және өзіндік икемділік қалыптастырғанын ескеру қажет.

**Күтілетін нәтиже:**

- көпшілікке арналған ақпараттың жеке тұлғаға, қоғамға, мәдениеттің қалыптасуына ықпалын түсінеді;
- сөз бостандығына жауапкершілікпен қарайды, оның шегін біледі;
- БАҚ таратқан ақпараттың мазмұнын, оқиға мен құбылыстардың берілуін сыни тұрғыда қабылдай алады;
- виртуалды және медиа ортада өзін әдепті, жауапты, салмақты ұстай алады, хабарламалар дайындап, оны бұқаралық ақпарат құрал- дары арқылы тарата алады;
- виртуалды ортада байланыс орнатқанда зиянды немесе біреуді қорлайтын, кемсітетін сөздерді пайдаланбайды;
- көпшілікке арналған тиянақты дайындалған сапалы ақпаратты тапсырыспен жазылған, жалған, асығыс дайындалған, сапасыз ақпараттан ажырата біледі;
- неліктен бір ақпаратты әртүрлі адамның әртүрлі қабылдайтын біледі, түсіндіре алады.

**АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК БӨЛІМ**

Авторлық бағдарламада бағалау жүйесінің негізгі мақсаты- білім сапасын арттыру болып табылады. Ал қазіргі заманғы білім сапасы дегеніміз ол білім алушының келешектегі өзінің әртүрлі жеке мәселелерін шешуге керекті, қажетті құзіреттіліктерін қалыптастыратын білім беру нәтижесі.

Әділ әрі жүйелі бағалау арқылы мынадай нәтижеге қол жеткіземіз:

- ✓ Оқушытің тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттау;
- ✓ Құрылымдық бағалау мен нақтылы бағалаулар арқылы оқушытің еңбегін анықтау;
- ✓ Тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізу;
- ✓ Әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауға болады Білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез-келген кезеңде анықтау;
- ✓ (Өздік жұмысы, күнделікті баға, үй жұмысы т.б);
- ✓ Оқушытің бағалау жүйесіне толық қанағаттануын аламыз.

| **Критерийлер** | | **Максималды деңгей** |
|---|---|---|
| A | Білу және түсіну | 5 |
| B | Зерттеу | 4 |

| | | |
|---|---|---|
| C | Жоспарлау | 4 |
| D | Жоба құру | 5 |
| E | Дизайн | 3 |
| F | Коммуникация | 3 |
| G | Рефлексия | 3 |
| **Барлығы** | | **27** |

**Оқушылардың білім деңгейлері мына шкала бойынша бағаға айналдырылады:**

| **Ұпай саны** | **Баға** | **%** |
|---|---|---|
| 13-0 ұпай | «2» | 49%-0% |
| 18-14ұпай | «3» | 66%-50% |
| 22-19ұпай | «4» | 83%-67% |
| 27-23ұпай | «5» | 100%-84% |

**«Информатика» пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері**

| **Оқушылар істей білуі қажет** |
|---|
| **Критерий А** |
| Қажетті ақпаратты іздеп табу; |
| Алынған ақпаратты түсіндіру; |
| Ақпаратты талдау; |
| Ақпаратты техника (компьютер) тіліне «аудару»; |
| Қазіргі қоғамдағы ақпараттың алатын орны және ролін түсіну; |
| Адам қызметіндегі ақпаратты сақтау, өңдеу және тасымалдау бойынша қарапайым мысалдар келтіру; |

| |
|---|
| Ақпараттың әр түрлі формада берілуін анықтай алу; |
| **Критерий В** |
| Мәселені анықтай алу және гипотеза ұсыну, зерттеу мақсатын анықтау, қорытынды шығару; |
| Зерттеудің әдіс-тәсілдерін анықтай білу; |
| Қажетті ақпаратты дұрыс таңдай білу; |
| Қосымша ақпарат іздей алу және оны өз бетімен мақсатқа жету үшін қолдана алу; |
| **Критерий С** |
| Мәселені шешу жоспарын құру (ресурстар және уақытты қолдану арқылы), өз бетімен сипаттау; |
| Өз шығармашылық қызметін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру; |
| **Критерий D** |
| Компьютермен жұмыс кезінде техника қауіпсіздік ережелерін сақтау; |
| Бағдарламалық жабдықтардың мүмкіндіктерін тиімді қолдану; |
| Жұмысты жоспар бойынша орындау; |
| Жұмысты белгіленген мерзімде орындау; |
| Берілгендерді дұрыс жинақтау және жазу; |
| Компьютерде есептер шешу және алынған нәтижелерді талдау; |
| Есептерді шешу және өз білімдерін жетілдіру үшін жаңа ақпараттық технологияларды қолдана алу; |
| Берілген үлгіге сәйкес жобаны құру; |
| Сапалы жоба құру; |
| **Критерий Е** |
| Жобаның мүмкін болатын бірнеше нұсқаларын құрастыру; |

| |
|---|
| Өз жобасын берілген үлгіге сәйкес бағалау; |
| **Критерий F** |
| Сәйкес терминдерді қолданып, ғылыми ақпаратты жеткізу; |
| Өз мысалдарын келтіру және түсіндіру; |
| Ақпаратты түсінікті түрде көрсету; |
| Ақпаратты тиімді түрде көрстеу үшін сәйкес технологияларды қолдану; |
| Компьютер көмегімен берілгендерді іздеу,сақтау, құру, өңдеу және тасымалдау тәсілдерін дұрыс қолдану; |
| **Критерий G** |
| Шешу әдістерін талдау, өз қорытындыларының дұрыстығын дәлелдеу; |
| Шығармашылық авторлық ойларын түсіндіру,талқылауларға қатысу; |
| Шығармашылықты талдау жәнебағалау; |
| **Критерий H** |
| Қойылған есепті шешу үшін стандартты емес тәсілдерді қолдану; |
| Топ мүшелерінің ойларымен бөлісе отырып, команда мүшесі ретінде тиімді жұмыс істеу; |
| Қызығушылықпен, тәуелсіз және позитивті түрде жұмыс істеу. |

**Нормативті бөлім**

**Күнтізбелік тақырыптық жоспар аптасына-1 сағаттан 34 сағат**

| № | Бөлімдер және тақырыптар атауы | Барлығы (сағат) | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Кіріспе | 1 | |
| **1 БӨЛІМ. «АҚПАРАТ» ЖӘНЕ «МЕДИА»** | | | |
| 2 | «Медиа» деген не? | 1 | |
| 3 | «Медиа» сауаттылық | 1 | |
| 4 | Бұқаралық ақпарат құралдарының түрлері | 1 | |
| 5 | Бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі рөлі | 1 | |
| 6 | Ақпараттық соғыстар | 1 | |
| 7-8 | Медиа көмегімен манипуляция жасау | 2 | |
| 9 | Фейк. Фейк емес ақпараттар | 1 | |
| 10 | Ақпаратты сыни қабылдау | 1 | |
| 11 | Ақпараттық «Фастфуд» | 1 | |
| 12 | Жаңа медианың қалыптасуында интернеттің алар орны | 1 | |
| 13 | Бұқаралық ақпарат құралдарының пайдаланылуы | 1 | |
| 14 | Ақпараттың толықтығы. Ақпараттың өзектілігі | 1 | |
| **2 БӨЛІМ. АҚПАРАТТЫҚ СТАНДАРТТАР ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИА ДӘУІРІНДЕГІ ЭТИКА** | | | |
| 15 | Ақпараттық стандарттар | 1 | |
| 16 | Өзін-өзі реттеу механизмдері | 1 | |
| 17 | Журналистика және медиасауаттылық | 1 | |
| 18 | Ақпараттық тағам деп қарастырсақ | 1 | |
| 19 | Ақпараттың адамға әсері | 1 | |
| 20 | Әлеуметтік жарнамалар | 1 | |
| 21 | Менің интернеттегі мүмкіндіктерім | 1 | |
| 22 | Интернет гигиенаның негізгі ережелері | 1 | |
| 23 | Киберқателерден қорғану | 1 | |
| **3 БӨЛІМ. ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ** | | | |
| 24 | Интернет деген не? | 1 | |
| 25 | Интернет тарихы жайында бірер сөз | 1 | |
| 26 | Әлеуметтік медиа: мүмкіндіктер мен қатерлер | 1 | |
| 27-28 | Интернет пен әлеуметтік желілердің қоғамға ықпалы | 2 | |
| 29-30 | Компьютерлік вирус | 2 | |
| 31-32 | Интернет-қауіп-қатерлер | 2 | |
| 33-34 | Қорытынды сабақ | 2 | |

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сабақ** | №1 | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны: -** | **Қатыспағандар саны: -** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Кіріспе | |
| **Сабақтың мақсаты** | | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Ынтмақтастық атмосферасын қалыптастыру. Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады. | Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы** | Логикалық қызықты тапсырма<br>Берілген сандарға мұқият қараңыз<br>әрбір жолды таңдап, қай сан екенін анықтаңыз «артық».<br>**а) 2, 3, 6, 7, 11;**<br>**б) 18, 12, 3, 29, 45, 28;**<br>**в) 10, 20, 30, 36, 40, 50;**<br>**г) 72, 62, 52, 45, 32, 82;**<br>**д) 24, 29, 22, 37, 25, 28.**<br>1-тапсырма<br>Берілген сызбаны толықтыр<br><br>Сыйлықтарды тарату үшін Аяз Ата жолға шықты. Ұсынылған графқа қарап, ақиқат емес тұжырымды көрсетіңдер.<br>А) Аяз Ата жолын Н қаласынан бастады<br>Б) Р қаласынан кейін ол П қаласына ұшты<br>В) О және З қалаларының ортасында ол 3 (үш) қалаға соқты<br>Г) В қаласынан О қаласына ұшып бару | Сұрақтарға жауап береді<br><br>суретке қарап, зерттеу саласын анықтайды;<br>зерттеу сұрағын жазады;<br>зерттеу сұрағы бойынша пікірін жазады. | Ауызша мадақтау<br>-Жарайсың<br>-Өте жақсы<br>-Жақсы<br>-толықтыр<br>-ойлан т.с.с.<br><br>Бағдаршам арқылы бағалау жүргізіледі<br>Өте жақсы<br>Жақсы<br>Орташа | Оқулық<br><br>Тірек сызба |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
үшін Аяз Ата тағы 3 (үш) қалаға соқты.<br><br>
2-тапсырма<br>
Медиасауаттылық сөзіне класстер құрастыр<br><br>
3-тапсырма<br>
Медиасауаттылыққа қандай құзіреттер жатады<br><br>
4-тапсырма<br>
Сурет бойынша мәт<br>

<br>
5-тапсырма<br>
Тапсырмалар<br>
Ақпаратты беру әдістері мен оған сәйкес ақпарат түрлерінің реттері алмастырылған, дұрыстап орналастырыңыз.<br>
<table>
<tr><th>Ақпаратты беру әдістері</th><th>Ақпарат түрлері</th></tr>
<tr><td></td><td>органо-лептикалық – иіс және дәм арқылы;</td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td></td><td>тактильді – сезім арқылы</td></tr>
<tr><td></td><td>визуальды – көрнекі бейнелер мен арнайы белгілер арқылы таратылады;</td></tr>
<tr><td></td><td>удиальды- дыбыс арқылы</td></tr>
<tr><td></td><td>актильді – сезім арқылы;</td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>Кері байланыс:<br>«Ойды аяқта»<br>-Бүгін мен білдім-----------<br>-Мен үйрендім--------------<br>-Қолымнан келеді----------<br>-Қиындық тудырады-----------<br>Бүгінгі сабақтың бағалау критерийлеріне қайтып оралу. .</td>
<td>Пікір жазылған парақтарға өз ойларын жазып, сабаққа кері байланыс береді</td>
<td></td>
<td>Стикер қағаздары<br><br></td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **1 БӨЛІМ. «АҚПАРАТ» ЖӘНЕ «МЕДИА»** | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сабақ** | №2 | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны: -** | **Қатыспағандар саны: -** |
| **Сабақтың тақырыбы** | «Медиа» деген не? | |
| **Сабақтың мақсаты** | Медиа сөзінің шығу тарихын білу | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Ынтмақтастық атмосферасын қалыптастыру. Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады. | Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады | | |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма.**<br>**Пікірің қажет!**<br><br>-Медиа – ақпаратты адамдарға жеткізу құралы деген пікірге көзқарасыңыз қандай?<br><br>2-тапсырма<br>**Мәтінмен жұмыс**<br>МУЛЬТИМЕДИА — ақпаратты бірнеше арналар арқылы бір уақытта жіберу. Мысалы, компьютерлік ойын.МАСС-МЕДИА — бұл | Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу<br><br>Мәнтенмен жұмыс жасай отырып тапсырмалар орындайды. | **ҚБ «Көршінді бағала» әдісі**<br>*Оқушылар бір-бірінің тапсырмаларын оқып тексереді, ұсынылған дұрыс жауаппен бір – бірінсалыстырады* | Қосымша материал |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>ақпаратты бір уақытта саны шектеусіз адамдарға жіберу құралы. Бұқаралық ақпарат құралдарының синонимі. Терминнің кең мағынасындағы сауат дегеніміз – белгілі бір тілде оқу мен жазу қабілеті ғана емес, сонымен қатар грамматика мен емле нормаларына сәйкес жаза білу.Компьютерлік сауат – компьютерде жұмыс істеу дағдыларын меңгеру.Ақпараттық сауат – компьютерде жұмыс істеу, сонымен қатар ақпаратты іздеу және өңдеу дағдылары.Медиа сауат – түрлі медиадағы хабарламаларды түсіну, талдау, бағалау және құру.<br>Үш жақты түсіндірме күнделігі<br>
<table>
<tr><th>Ең маңызды ақпарат</th><th>Неге?</th><th>Сұрақ?</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br><u>3-тапсырма</u><br>“3 таяқша” әдісі<br>Медиа тақырыбына  байланысты<br>1 сұрақ<br>1 жауап<br>1 идея әр оқушы даярлап, көпшілікке салады.<br>4-тапсырма<br>Тест тапсырмалары<br>1. Информатика ғылымы деп -<br>а) техникалық тасымалдаушыға ақпараттарды орналастыруды айтамыз;<br>ә) ЭЕМ-нің көмегімен ақпаратты жинақтау, өңдеу, сақтау үрдісін айтамыз;</td>
<td></td>
<td>ҚБ «Баспармақ» әдісі<br><br>«Шапалақ» әдісі</td>
<td>

<br>Интерактивті тақта, стикер , смайликтер, көрнекіліктер<br></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | б) оқу процесінде компьютерді пайдалануды айтамыз;<br>2. Ағылшын тіліндегі компьютер сөзінің мағынасы<br>а) электрондық ақпарат;<br>ә) электрондық – сәулелі түтікше;<br>б) есеп шығарушы адам;<br>1. Ақпараттың неше қасиеті бар?<br>а) 4 ә) 3 б) 2<br>2. Кеңсенің есептерін механикалық тұрғыдан есептеуге арналған ***арифмометрді*** жасаған кім?<br>а) Г.Лейбниц ә) Б. Паскаль б) Ч.Бэббидж<br>3. Төрт арифметикалық амалдарды автоматты түрде орындайтын бірінші машина қай ғасырда пайда болды?<br>а) XVII ғасырда<br>ә) XVIII ғасырда<br>б) XV ғасырда<br>4. Немістің философы және математигі Готфрид Лейбництің машинасы қалай аталады<br>а) IBM<br>ә) ENIAK<br>б) Лейбництің тісті дөңгелегі<br>5. Ағылшын математигі Ч.Бэббидж "Аналитикалық машина" деп аталатын программаланатын автоматты есептеу құрылғысының нұсқасын қай ғасырда жасады?<br>а) XIX ғасырда<br>ә) IX ғасырда<br>б) X ғасырда<br>6. IBM фирмасының негізі болатын фирманы ашқан кім?<br>а) Г.Холлерит<br>ә) Ч.Бэббидж<br>б) Норберт Винер<br>7. ENIAK машинасы қай жылы құрастырылды?<br>а) 1946-1949<br>ә) 1943-1946 | | | |

б) 1940-1943

8. Алғашқы есептеуіш машинаны ойлап шығарған:
   а) Джордж Буль
   ә) Норберт Винер
   б) Чарльз Бэббидж

**Бақылау сұрақтары**

1. Адамда қандай сезім мүшелері бар?
2. Адам ақпаратты қандай түрде қабылдайды?
3. Байланыс тілі деп нені айтады?
4. Бит, байт деген не?
5. Қандай процесті ақпараттық процесс дейді?

**Кестені толтыр**

| Нысан | Ақпарат түрлері | Сезім му |
|---|---|---|
| Хат жазу | көру | кө |
| Торт | дәм сезу | ті |
| Картина | | |
| Бақылау жұмысы | | |
| Кітап | | |
| Радио тыңдау | есту | құл |
| Тұз | | |
| Телехабар | | |
| Әтір | | |

**Ребусты шеш**



,Н

S=ab

$S = \pi R^2$

$l = 2\pi R$

~~уп~~

3 2 1



| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс:**<br>**«Білім қоржыны»** Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, қоржындарға салады. | Пікір жазылған парақтарға өз ойларын жазып, сабаққа кері байланыс береді | | <br> |

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **1 БӨЛІМ. «АҚПАРАТ» ЖӘНЕ «МЕДИА»** | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сабақ** | №3 | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны: -** | **Қатыспағандар саны: -** |
| **Сабақтың тақырыбы** | «Медиа» сауаттылық | |
| **Сабақтың мақсаты** | Медиасауаттылық туралы білу | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Ынтмақтастық атмосферасын қалыптастыру. Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады. | Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады | | |
| **Сабақтың ортасы** | 1-тапсырма.<br>**Ой қозғау**<br><br>➢ Сіз осы уақытқа дейін неліктен дәл осы арнаны немесе сайтты көремін деп ойланып көрдіңіз ба? | Оқушылар өз ойларын ортаға салады. | **ҚБ «Көршіңді бағала» әдісі**<br>*Оқушылар бір-бірінің тапсырмаларын оқып тексереді, ұсынылған дұрыс жауаппен бір –* | Қосымша материал |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
➢ Қандай да бір ақпарат арнасын неге сүйеніп отыр таңдайтыныңызды сипаттап көріңізші.<br><br>
2-тапсырма<br>
Мәтінмен жұмыс<br>
МЕДИА САУАТ ДЕГЕНІМІЗ АДАМНЫҢ КЕЛЕСІДЕЙ ҚАБІЛЕТТЕРІ:<br>
• өз медиа-контентіңізді дайындау (өз бетінше жасау).<br>
Интернет жүйелі түрде пайда болғанға дейін (яғни үнемі) қоғамға тек БАҚ, оларда жұмыс істейтін журналистер ғана ақпарат берді. Массмедианың осындай бөлігін журналистика деп атайды. Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) – бұл техникалық құралдардың көмегімен қоғамға немесе оның жекелеген топтарына ақпаратты ашық түрде беру үшін құрылған журналистік ұйымдар. БАҚ әлеуметтік маңызды ақпаратты жинайды, өңдейді (талдайды), содан кейін оны өз аудиториясына жібереді (таратады).<br>
Үш жақты түсіндірме күнделігі
<table>
<tr><th>Ең маңызды ақпарат</th><th>Неге?</th><th>Сұрақ?</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>
3-тапсырма<br>
“3 таяқша” әдісі<br>
Медиа сауаттылығына тақырыбына байланысты<br>
1 сұрақ
</td>
<td>Мәнтенмен жұмыс жасай отырып тапсырмалар орындайды.</td>
<td>
бірін<u>салыстырады</u><br><br>
ҚБ «Баспармақ» әдісі<br><br>
«Шапалақ» әдісі
</td>
<td>


<br>
Интерактивті тақта, стикер , смайликтер, көрнекіліктер<br>

</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1 жауап<br>1 идея әр оқушы даярлап, көпшілікке салады.<br>4-тапсырма<br>**Тапсырмалар**<br>1. Компьютер құрылғыларының аталуын жаз<br><br>2. Пернетақтамен жұмыс жасау мүмкіндіктері:<br><br>**Қызметіне сәйкес пернелерді жаз**<br>1. Енгізу пернесі -<br>2. Бос орын пернесі -<br>3. Курсордың алдындағы символды өшіру пернесі -<br>4. Жазба әріптерді баспа әріптерге және | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | керісінше өзгертуге пайдаланылатын перне -<br>5. Егер оны бір рет басса, баспа (үлкен) әріптер теріледі, ал оны екінші рет басса, кіші әріптер теріледі. Бұл қандай перне?-<br>6. Меңзердің оң жағында тұрған символды өшіру пернесі-<br>7. Меңзерді жолдың басына ауыстыру пернесі -<br>8. Меңзерді жолдың соңына ауыстыру пернесі -<br>9. Бір бетке жоғары жылжыту пернесі -<br>10. Бір бетке төмен жылжыту пернесі -<br><br>**Тест тапсырмалары**<br><br>1. Компьютермен жұмыс жасау үшін қажетті құрылғылар жиынтығы<br>а) принтер, жүйелік блок, пернетақта<br>ә) жүйелік блок, монитор, пернетақта<br>б) жүйелік блок, диск енгізгіш, тышқан<br><br>2. Қате енгізілген символдарды өшіру пернелері<br>а) Backspace, Del<br>ә) Enter<br>б) Shift, Ctrl<br>3. Жаңа абзацты бастау үшін<br>а) Shift<br>ә) Backspace<br>б) Enter<br>4. Монитор не үшін қажет?<br>а) экраннан ақпаратты енгізу үшін<br>ә) мәтіндік және графикалық ақпараттарда көрсету үшін<br>б) ақпаратты өңдеуге даярлау үшін<br>5. Пернетақта не үшін қажет?<br>а) символдарды енгізу үшін<br>ә) компьютерді басқару мен таңбалы мәліметтерді енгізу үшін | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | б) ақпаратты қатты дискіден енгізу үшін<br>6. Курсордың алдында орналасқан таңбаларды жоюға арналған батырма<br>а) Shift<br>ә) Backspace<br>б) Enter<br>7. Ақпаратты сақтайтын жабдыққа не жатады?<br>а) Принтер<br>ә) қатты және иілгіш магнитті дискілер<br>б) монитор<br>8. Компьютерге ақпаратты енгізу жабдығы<br>а) жүйелік блок<br>ә) пернетақта<br>б) принтер<br>9. Компьютердің қандай құрылғысы адам өміріне қауіпті?<br>а) монитор<br>ә) принтер<br>б) пернетақта<br>10. Меңзердің оң жағында орналасқан символды өшіру үшін қандай пернені қолданамыз?<br>а) Delete<br>ә) Backspace<br>б) Enter | | | |
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс:**<br>**«Білім қоржыны»** Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, қоржындарға салады. | Пікір жазылған парақтарға өз ойларын жазып, сабаққа кері байланыс береді | |  |

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **1 БӨЛІМ. «АҚПАРАТ» ЖӘНЕ «МЕДИА»** | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сабақ** | №4 | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны: -** | **Қатыспағандар саны: -** |
| **Сабақтың** | Бұқаралық ақпарат құралдарының түрлері | |

| | |
|---|---|
| **тақырыбы** | |
| **Сабақтың мақсаты** | Бұқаралық ақпарат құралдарының түрлерімен танысу |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Ынтмақтастық атмосферасын қалыптастыру. Сабақ тақырыбы мен бағалау критерийлерін талдау. Сабақтың негізгі терминдерімен таныстыру. | Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма.**<br>**«SWOT»талдауы әдісі** арқылы<br>1- топ«Баспасөз»,<br>2- топ«Ғаламтор»,<br>3-топ Теледидардыңкүшті, әлсізжақтарымен мүмкіндіктеріне, қауіптеріне талдаужасайды.<br><br>**Сұрақтарға жауап жаз**<br>1. Компьютер құрамына енетін негізгі құрылғыларды атаңыз.<br>2. Ақпараттарды енгізу-шығару құрылғыларын атаңыз.<br>3. Жадтың сыртқы тасушыларын атаңыз.<br>4. Монитордың мүмкіндігі деп нені айтамыз?<br>5. Енгізу, шығару құрылғыларының қызметі қандай?<br>6. Процессор не үшін қажет?<br>7. Жедел жад, тұрақты жад, сыртқы жад дегенді қалай түсінесіз?<br>8. CD-ROM құрылғысы не үшін қажет?<br>9. Иілгіш алмалы-салмалы дискілермен ақпарат қалай тасымалданады?<br><br>**Ребусты шеш**<br>М 1 0  ,  , | -Мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді;<br>-Сыни тұрғыдан баға береді<br><br>-Мәтін мазмұнын түсінеді<br>-Негізгі мәліметтерді таба алады | **ҚБ «Құрастыр, сосын жауап бер»**<br>*Оқушыларға жауап бергенге дейін өз ойларын жинақтауға мүмкіндік беріңіз.*<br>• *жауап алдындағы 30 секундтық үнсіз ойлау;*<br>• *жұптағы 2-3 минуттық миға шабуыл;*<br>• *жауап бермес бұрын бірнеше ойларыңды жаз;*<br>*өз көршіңмен болжамды жауапты талқыла.*<br><br>**ҚБ «Смайликтер» әдісі** | А3 пішімді парақ қағазы, маркерлер, стикерлер, магниттер, кесте<br><br>Карточка |

| | | |
|---|---|---|
|  |  |  |
| Жалғастыруға дайынмын | Бір нәрсе түсінемін, бірақ бәрін емес | Түсінбеймін, қайта лап қарау қажет |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **2-тапсырма**<br>- Әдісі арқылы оқушылар түсінгенін ортаға салып, кластер арқылы мәтіннің мазмұнын түсінгендерін білдіреді.<br>Ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған мәтінді оқушыларға таратып беремін. Оқушылар мәтінді оқып, мәтіннің мазмұнын түсінеді. Мәтіннің мазмұны бойынша кластер жасайды.<br><br><br>**3-тапсырма**<br>Оқылған мәтіннен «сүзгі» әдісі арқылы деректерді анықтайды. | Мәтіндегі деректерді іріктейді.<br>Мәтіндегі деректердің маңыздысын анықтайды.<br>Оқушылар ақпарат көздері,оны бұрмалаудың салдарына мәтінмен танысады<br>-ақпараттық түрлерін ажыратады;<br>-ақпараттың түрлерін сипаттайды;<br>Ақпараттың сипаттарын бұрмалау салдарын анықтайды; | **ҚБ «Көршіңді бағала» әдісі**<br>*Оқушылар бір-бірінің тапсырмаларын оқып тексереді, ұсынылған дұрыс жауаппен бір – бірін*салыстырады | |




**4-тапсырма**

**Мәтінмен жұмыс**

Ақпарат берудің негізгі міндеті – білімдегі белгісіздікті жоқ қылу, адамның (адамдар тобы) нақты жағдайды қарастырылып отырған құбылыстар жайлы шынайы деректер арқылы түсінуі. Ақпарат беру кейде ағарту формасына ұқсап кетеді. Ақпарат берудің негізгі міндеті – білімдегі белгісіздікті жоқ қылу, адамның (адамдар тобы) нақты жағдайды қарастырылып отырған құбылыстар жайлы шынайы деректер арқылы түсінуі. Ақпарат беру кейде ағарту формасына ұқсап кетеді

| **Ақпарат түрлері** | **Сипаттама** |
|---|---|
| Сайлау кезінде ақпарат беру | |
| Ойлану үшін | |
| Экономикалық ақпарат беру | |
| Тұтынушылық ақпарат беру | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>SWOT-талдау<br>Ақпараттың сипаттарын бұрмалау және оның салдарын түсіндіру үшін деректермен танысып, SWOT талдау жасауды түсіндіреді және талдау бойынша қорытындылауды тапсырады.
<table>
<tr><td>S-мықты жағы</td><td>W-әлсіз жағы</td></tr>
<tr><td>О-мүмкіндіктер</td><td>Т-қауіп-қатер</td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>Кері байланыс:<br>«Аяқталмаған сөйлем» әдісі
<ul>
<li>Мен бүгін ... білдім</li>
<li>Маған ... қызықты болды</li>
<li>Маған ... қиын болды</li>
<li>Мен келесі тапсырмаларды орындадым ...</li>
</ul>
</td>
<td>Пікір жазылған парақтарға өз ойларын жазып, сабаққа кері байланыс береді</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | • Мен ... екенін түсіндім<br>• Мен енді ... жасай аламын<br>• Мен ... үйрендім<br>• Мен ... жасай алдым<br>• Мен ... жасап көремін<br>• Мен ... таңқалдым<br>• Мен өмірде ... қолданамын<br>• Маған ... ұнамады | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **1 БӨЛІМ. «АҚПАРАТ» ЖӘНЕ «МЕДИА»** | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сабақ** | №5 | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны: -** | **Қатыспағандар саны: -** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі рөлі | |
| **Сабақтың мақсаты** | Бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі рөлін анықтау | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Ынтмақтастық атмосферасын қалыптастыру. Сабақ тақырыбы мен бағалау критерийлерін талдау. Сабақтың негізгі терминдерімен таныстыру. | Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады | | |
| **Сабақтың ортасы** | **Тапсырмалар**<br>**Ақпараттық диктант** | Сұрақтарға жауап береді<br><br>Ақпаратарналарына анықтама береді;<br>-ақпарат арналарының ерекшеліктерін ажыратады; | **ҚБ «Құрастыр, сосын жауап бер»**<br>*Оқушыларға жауап бергенге дейін өз ойларын жинақтауға мүмкіндік беріңіз.*<br>• *жауап алдындағы 30 секундтық үнсіз ойлау;*<br>• *жұптағы 2-3 минуттық миға шабуыл;*<br>• *жауап бермес* | А3 пішімді парақ қағазы, маркерлер, стикерлер, магниттер, кесте |




2. Дискілердің қызметтеріне сипаттама беріңіз. Дискілердегі ақпараттарды өшіру, көшіру, сақтау әрекеттері қалай жүргізіледі?




**Сөзжұмбақты шеш**

*Ақпараттық диктанттағы цифрларға сәйкес жауап бер*

Ақпарат беру – аудиторияға дұрыс шешім шығаруға арналған маңыздылығына талдау жасайды;

*бұрын бірнеше ойларыңды жаз; өз көршіңмен болжамды жауапты талқыла.*

**ҚБ «Смайликтер» әдісі**

|  |  |  |
|---|---|---|
| Жалғастыруға дайынмын | Бір нәрсе түсінемін, бірақ бәрін емес | Түсінбеймін, қайталап қарау қажет |

**ҚБ «Көршіңді бағала» әдісі**

Карточка

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>**Тест сұрақтары**<br>1. Компьютерді дұрыс сөндіру ережесі? (дұрыс жауапты көрсетіңіз)<br>а) Мониторды сөндіру, сонан соң жүйелік блокты өшіру<br>ә) Барлық ашық терезелерді жабу, сонан соң жүйелік блокты өшіру,<br>б) Негізгі мәзірден **жұмысты аяқтау** командасын таңдау. Сонан соң **сөндіру** батырмасын белгілеп ОК батырмасын шерту<br>в) Негізгі мәзірден **жұмысты аяқтау** командасын таңдау. ОК батырмасын шерту. Жүйелік блокты өшіру<br>2. Тақырып жолының оң жақ бұрышында орналасқан «икс» батырмасының қызметі (дұрыс | | *Оқушылар бір-бірінің тапсырмаларын оқып тексереді, ұсынылған дұрыс жауаппен бір – бірін*салыстырады | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жауапты көрсетіңіз)?<br>а) Анықтама береді<br>ә) Компьютердің жұмысын аяқтайды<br>б) Терезені жабады<br>в) Терезені шарт белгіге айналдырады<br>3. Белгіленген файлдар мен папкілерді өшіру үшін:<br>а) Түзету → өшіру<br>ә) Файл → өшіру<br>б) Alt+Ctrl+Delete батырмаларын басу<br>в) Delete батырмасын басу<br>4. Windows дегеніміз не?<br>а) көп терезелі операциялық жүйе<br>ә) терезе<br>б) ішкі программа<br>в) программа<br>5. Жұмыс үстелі - ол<br>а) экран беті<br>ә) бума<br>б) менің компьютерім<br>в) белгі<br>6. Файл - ол<br>а) дискідегі атауы бар аймақ<br>ә) экран беті<br>б) есептер панелі<br>в) программа<br>7. Көп терезелі операциялық жүйе дегеніміз не?<br>а) Windows<br>ә) терезе<br>б) ішкі программа<br>в) программа<br>8. Компакт дискіні оқуға арналған құрылғы<br>а) CD-ROM<br>ә) А дискісі<br>б) С дискісі<br>в) Ғ дискісі | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 9. Жарлық - бұл<br>а) программа, құжаттарды тез жіберетін көрсеткіш<br>ә) пиктограмма<br>б) кез келген атаудағы ақпарат<br>в) диалог құралдарын теру<br>10. Windows-та өшірілген файлдар қайда жіберіледі?<br>а) себетке<br>ә) өшіріледі<br>б) орнында қалады<br>в) D дискісіне<br>**1-тапсырма.**<br>1.Ақпарат деген не?<br>2.Ақпарат құралдарына не жатады?<br>3.Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы не білуге болады?<br>4.Бұқаралық ақпарат құралдары дегенде қандай сөздер еске түседі?<br>Дұрыс, қазіргі «Ақпарат ғасырында» бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ерекше. (мұғалім сөзі)<br><br>**2-тапсырма**<br>**Мәтінмен жұмыс**<br>Ақпарат көздері бірдей емес. Ол әртүрлі аудиторияға, әртүрлі телеарналарға бағытталады, радио да әртүрлі бағыттағы радиохабарларды таратады. Кейбірі көңіл ашар, кейбірі танымдық хабарлар. Сонымен қатар, әр арнаның, әр мерзімді баспасөздің өзіндік қалыптасқан көзқарасы бар. Ол да жасап отырған өнімдерінен байқалып тұрады. Адамдар да бір ақпарат көзіне сенсе, біреуіне | | | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
сенбей жатады. Медиадағы объективтілік, сенім мәселелері маңызды әрі көп талас тудыратын тақырыптарға жатады.
1-тапсырма
Сұрақ-жауап:«Менің медиа алаңым»
<ul>
<li>✓ Сіз осы уақытқа дейін неліктен дәл осы арнаны немесе сайтты көремін деп ойланып көрдіңіз ба?</li>
<li>✓ Қандай да бір ақпарат арнасын неге сүйеніп отыр таңдайтыныңызды сипаттап көріңізші.</li>
</ul>
Факті мен комментарий – екеуі екі бөлек түсінік. Факті Кім? Не істеді? Қашан? Қайда? деген сұрақтарға жауап береді. Демек,болған оқиға туралы нақты хабарлайды. Комментарий – фактіні түсіндіру, баға беру. Қарт адам тоқтап орындыққа отырды. Бұл – факті.
«File» әдісі «Ақпарат беру – аудиторияға дұрыс шешім шығаруға арналған маңызды әлеуметтік хабарлама.» пікіріне талдау жасаңыз
<table>
<tr><td>«F» - негізгі фактіні анықтаңыз</td><td></td></tr>
<tr><td>«I»- негізгі ндсясын айқындаңыз</td><td></td></tr>
<tr><td>«L» - көтерілген негізгі анықтаныз</td><td></td></tr>
<tr><td>«E» - Көтерілген мәселелерді өзіндік көзқарасыңызбен талданыз</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс:**<br>**«Аяқталмаған сөйлем»** әдісі<br>• Мен бүгін ... білдім<br>• Маған ... қызықты болды<br>• Маған ... қиын болды<br>• Мен келесі тапсырмаларды орындадым ...<br>• Мен ... екенін түсіндім<br>• Мен енді ... жасай аламын<br>• Мен ... үйрендім<br>• Мен ... жасай алдым<br>• Мен ... жасап көремін<br>• Мен ... таңқалдым<br>• Мен өмірде ... қолданамын<br>• Маған ... ұнамады | Пікір жазылған парақтарға өз ойларын жазып, сабаққа кері байланыс береді | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **1 БӨЛІМ. «АҚПАРАТ» ЖӘНЕ «МЕДИА»** | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сабақ** | №6 | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны: -** | **Қатыспағандар саны: -** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Ақпараттық соғыстар | |
| **Сабақтың мақсаты** | Ақпараттық соғыстар туралы ақпараттармен танысу | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу..**<br>**Ынтасын сабаққа аудару.**<br>**Сынып тазалығына көңіл бөлу.**<br>Оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айтып, сабаққа деген көңіл-күйлерін арттыру. | Оқушылар амандасып,<br>сабаққа назар аударады<br>Оқушылар сұрақтарға жауап береді | | |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма.** Мәтінді теріп жаз. Отан деген атпен сақта.<br>**Менің Отаным – Қазақстан**<br> <br><br>Қазақстан Республикасы 1990 жылдың 25 қазанында өзінің егемендігін жариялап, дербес мемлекет болды. Ол бүгінде дүние жүзінің көптеген елдерімен достық байланыс орнатқан, | Мәтін бойынша сұрақ құрастыра алады | **ҚБ «Күн шуағы» әдісі**<br>-Мен түсіндім. –мен әлі сенімсізбін -мен түсінбедім | Қосымша мәтін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бүкіл әлем таныған елге айналды. Қазақстан Республикасының ұлттық рәміздері: Туы, Елтаңбасы, Әнұраны бар. Біз өз Отанымызды шексіз сүйіп, мақтан етеміз. Қазақстан әділет пен туысқандық салтанат құрған тең құқықты еркін халықтардың елі.<br><br>**2-тапсырма.** Өлеңді теріп жазып, сақта.<br><br>**СЕНБЕ ЖҰРТҚА, ТҰРСА ДА ҚАНША МАҚТАП**<br><br>Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,<br>Әуре етеді ішіне қулық сақтап.<br>Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,<br>Еңбегің мен ақылың екі жақтап.<br><br>Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,<br>Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.<br>Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,<br>Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?<br><br>Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,<br>Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.<br>Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,<br>Сонан тапқан - шын асыл, тастай көрме.<br><br>АБАЙ<br><br>**Тест сұрақтары** | | **ҚБ «смайликтер» арқылы топтық бағалау**<br><br>**Өзін-өзі бағалау** | Тапсырма сұрақтары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1. Текстік редактор міндеті:<br>а) сурет салу<br>ә) текспен жұмыс<br>б) текстік және графиктік мәліметтерді жазу<br><br>2. Word Pad бағдарламасын ашу әрекеті<br>а) іске қосу →Документтер → Word Pad<br>ә) іске қосу → Программалар →стандартты→ Word Pad<br>б) іске қосу → Стандартты → Word Pad<br><br>3. Қате енгізілген символдарды өшіру пернелері<br>а) Backspace, Del<br>ә) Enter<br>б) Shift, Ctrl<br>4. Жаңа абзацты бастау үшін<br>а) Shift<br>ә) Backspace<br>б) Enter<br>5. Құжатты бірінші рет сақтау әрекеті<br>а) Файл→ деп сақтау<br>ә) файл→бет параметрі→сақтау<br>б) файл→шығу<br>6.Орындатпау командалары<br>а) түзету→ болдырмау<br>ә) түзету→қайталау<br>б) түзету→көшіру<br><br>7.Қайталау командалары<br>а) түзету→ қою<br>ә) түзету→қайталау<br>б) түзету→көшіру<br>8. Сақталған құжатты ашу әрекеті | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | а) Файл → ашу<br>ә) Іске қосу → документтер<br>б) Іске қосу → ашу<br>9. Қаріп өлшемін өзгерту әрекеті<br>а) Түр → бет параметрі → қаріп<br>ә) Файл → формат → қаріп<br>б) Формат → Қаріп<br>10. Саймандар панелін қалай орнатамыз?<br>а) Файл → бет параметрі → саймандар панелі<br>ә) Түр → саймандар панелі<br>б) Түр → бет параметрі → саймандар панелі<br>11. Бас әріптерді тұрақты іске қосатын перне?<br>а) Shift<br>ә) Esc<br>б) CapsLock<br>12. Сандық пернелер тобына қандай перне кіреді?<br>а) NumLock<br>ә) CapsLock<br>б) Tab<br>13. Баспаға жіберу әрекеті<br>а) Файл → баспа<br>ә) Файл → бет параметрі → баспа<br>б) Түзету → баспа<br>14. Жаңа құжат құру әрекеті<br>а) Түзету → құру<br>ә) Файл → құру<br>б) Файл → бет параметрі → құру<br>15. Сызғышты орнату әрекеті<br>а) Түзету → сызғыш<br>ә) Түр → қалып-күй қатары → сызғыш<br>б) Түр → сызғыш | Сұрақтарға жауап береді | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **1-тапсырма.**<br>**Мәтінмен жұмыс**<br>Ақпарат әлемді билеп, түрлі мәселелерді шешіп те оны туғызуға ықпал бола алатын айтарлықтай күшке ие құрал. Біздің ғасыр ақпараттардың толысқан, соғысқан заманы. Сондықтан, қай елдің ақпараты күшті болса, сол мемлекеттің әлемдік аренадағы беделі мен басымдылығы да білініп тұрады.<br><br>Осы уақытқа дейін, ақпарат газет, журнал, радио немесе телеарналар арқылы берілсе, бүгінде оның қатарына ғаламтор қосылып ақпарат тасқынын одан әрі күшейтті. 1969 жылы интернет пайда болған соң, алдағы 30-40 жылда интернет әлемді тез жаулап алатынына ешкім толыққанды сенімді емес еді. Алайда, ол қзге ақпарат құралдарына қарағанда әлдеқайда жылдам дамып, мықты қаруға айналды. Өйткені радио өзінің аудиториясын 50 млн азаматқа жеткізу үшін 38 жыл жұмсаса, теледидар 13 жыл, кабельді теледидар 10 жыл, ал интернетке небары 5 жыл жеткілікті болды.<br><br>Ақпарат ағымы күшейген сайын адамның түрлі мәселелерді білуге деген ұмытылысы артқандығын және оның адам психологиясына ықпалының күшейгендігін атап өтсек болады. Оның бірден бір мысалы , бүгінгі таңдағы көптеген БАҚ-ның жеке | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сайттарының болуы, әрі сол арқылы өзіндік саясатын әлемге танытып, өз қызметін мемлекеттік қаруына айналдырды. Қару ретінде АҚШ «CNN», Европа елдері «Euronews» пен «BBC», Ресей 24, Арабтықтар «Al-Jazeera» каналдарын және әлеуметтік желілерін қолданды.<br><br>Ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін қаперіне ұстаған Катардағы «Al Jazeera» телеарнасы да мемлекеттің қолдауымен әлемдік телеарналардың біріне айналды. Бүгінгі күні бұл телеарна ақпараттық соғыста ешкімге, тіпті АҚШ-тың өзіне де дес бермей келеді. Ал, АҚШ ақпараттық соғыста «Al Jazeera» араб телеарнасынан бөлек, Қытай мен Ресейден де бәсі төмендеп жатқанын кейбір сарапшы мамандар айтып жүр. Қытайлар әр түрлі тілде таратылатын ғаламдық телевизиялық желі құрып жатса, орыстар ағылшын тілді телеарна ашып алды. Бұл бүгінгі күнде АҚШ-тың ақпараттық кеңістікте беделі мен ықпалы азайып бара жатқанының анық айғағы болса, бір жағынан басқа да елдердің ақпараттық үстемдікке жеткісі келетіндігінің дәлелі.<br><br>Бүгінгі күні қандай дап бір екі ел арасында мәселе туып қалса болғаны өз елінің баспасөзімен қатар шетелдік журналистер де жарыса жазады. Олардың мысалы ретінде, бірнеше жыл бұрынғы Ресей мен Беларусь арасындағы келіспеушілік газ жанжалынан | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бастау алып, соңы ақпараттық соғыспен аяқталған еді. Бұл жағдайды көршілес елдер түгілі, Батыстың ақпарат құралдарының өздері жарыса хабарлады.<br><br>Енді қазіргі таңда әлем ақпараттық құралдары Сирия мәселесін талқылап, күнделікті жаңалықтарды жаңартып беделге ие болуға ұмтылады. Алайда, солардың арасында шынайы тәуелсіз ақпарат беретіндер аз. Керемет талдау жасаған деп әдеттегідей BBC мен CNN- ді атап өтсек болады. Өйткені, олар мәселенің қашан және неден туғанынан бастап бүгінгі күнге дейінгі кезеңін талқылап, түрлі инфографикаларды орындарды қолдана білген.<br><br>Журналистика төртінші билік деп бекер айтылмағанын оның бүгінгі күнде, мемлекеттің имиджін қалыптастыру мен саяси аренадағы беделіне тікелей ықпал ететіндегін атап өтсек болады. Мәселен, Ресейдің халықаралық стандарттар мен заңдарға қайшы келетін әрекеттері үшін салынған санкциялардың санының артқандығын мәлімдеді. Одан кейін, көпшілік Ресейге салынған санкциялардың өздеріне кері әсері тимес үшін іргесін аулақ сала бастады.<br><br>Демек, әлем елдері арасындағы байланыс және бірін татуластырып ,бірін қарсы қойып отырған - ақпарат. Мәселен, бүгінгі таңдағы | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ресейдің ақпараттық құралдарының Қазақстанның ішкі және сыртқы саясаты туралы жазған пікірлері отандастарымыздың екі жаққа бөлінуіне әкеліп отыр. Сол себепті, Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мынадай негізгі міндеттерді жатқызуға болады:<br><br>**Сұрақ-жауап**<br>1.мемлекеттің және қоғамның басты мақсаты адамның өркендеуіне ақпараттық саланы бағдарлау;<br><br>2.ақпараттық қауіпсіздік туралы мемлекеттік доктрина яғни ғылыми концепция әзірлеу;<br><br>3.Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде біріңғай мемлекеттік саясатының жүзеге асыру механизімін және негізі бағыттарын анықтау. | | | |
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс.**<br>Сабақ соңында оқушылар «ВАК» (визуал, аудиал, кинестетик) стратегиясы арқылы рефлексия жүргізеді:<br>- Бүгінгі сабақта көзбен көріп не үйрендім?<br>-Бүгінгі сабақта құлақпен естіп не үйрендім?<br>- Бүгінгі сабақта қолмен жасап не үйрендім? | Пікір жазылған парақтарға өз ойларын жазып, сабаққа кері байланыс береді<br>Өз ойларын стикерлерге жазады. | | Стикер тарату |

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **1 БӨЛІМ. «АҚПАРАТ» ЖӘНЕ «МЕДИА»** | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сабақ** | №7-8 | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны: -** | **Қатыспағандар саны: -** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Медиа көмегімен манипуляция жасау | |
| **Сабақтың мақсаты** | Медиа көмегімен манипуляциямен танысу | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Оқушылармен амандасып, түгелдеу.<br>Ынтмақтастық атмосферасын қалыптастыру.<br>Өз ойларыңды ашық айтып, сыни тұрғыдан ойлана отырып жаңа сабақтың тақырыбын және мақсатын анықтайды. | Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады | | |
| **Сабақтың ортасы** | **Тапсырмалар**<br>**Ақпараттық диктант**<br>1 2 3 4 5<br>7 | 6<br>Манипуляция туралы ақпарат береді;<br>Манипуляция тәсілдеріне сипаттама жасайды;<br>9<br>Оқушылар кинодағы музыка және эмоцияға манипуляция туралы мәліметтер береді | **ҚБ. Үш «Қ». Топтардың өзін бағалауы.**<br>*Топ мүшелері өздерінің жұмысын «Қашан? Қайда? Қалай?» деген үш сыұраққа жауап беру арқылы, дескрипторға сүйене отырып бағалайды.* | Қосымша мәтін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| |  | Мәтінмен жұмыс жасайды<br>- Әлемде ғаламтолы құқықтық тұрғыдан реттелу жолдарын сипаттайды; | **ҚБ «БК формуласы»**<br>*Оқушылар бағалау критерийлерін БК формуласы бойынша өз нұсқаларын ұсынады.*<br>***Мұғалім және оқушылар комментарий береді.*** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br><br>**1-тапсырма.** Жұмбақтардың шешуін тап, суретін сал<br><br>Жаңбыр жауса нөсерлеп,<br>Әрі-сәрі болмаймын.<br>Алып жүрсең қолыңа,<br>Су болудан қорғаймын. (Қолшатыр)<br><br>Қақаған қыста,<br>Өседі тыста.<br>Өзгертпей өңін,<br>Сақтауға ұста. (Шырша)<br><br>Күндіз кірер «інге»,<br>Жұрт қалады білмей.<br>Шығады тек түнде,<br>Болам дейді күндей. (Ай)<br><br>Көктем сайын жайқалып,<br>Жаңбыр суын ішемін.<br>Күз болғанда сарғайып,<br>Жерге қайтып түсемін. (Жапырақ)<br><br><br>**2-тапсырма.** Өтірік өлеңдерге сурет сал<br>Міне қызық, кім білген.<br>Бұл жаңалық қайда бар?<br>Қатты қыста бүлдірген,<br>Жеміс берді алмалар. | -ғаламтор желісіндегі зиянды әрекерттерді анықтайды;<br>- Қазіргі таңдағы ғаламтор желісінің жағдайына талдау жасайды; | | |

**3-тапсырма.** Тақпақ мазмұнына сәйкес сурет сал

**Ұнатамын**

Көктемді ұнатам,
Гүл-гүлді бағы бар.
Жазды да ұнатам,
Жемісі бәрі бал.
Күзді де ұнатам,
Сары алтын жапырақ,.
Қысты да ұнатам,
Ақ тонды атырап.

**Ребусты шеш**

П  ,,  , 

**Тест сұрақтары**

1. Paint графиктік редакторы
   а) текст тексеріп,түзетеді
   ә) сурет салады
   б) қарапайым суреттен бастап, күрделі графиктік шығармалар жасайды
2. Paint графиктік редакторын іске қосу:
   а) іске қосу→программа→ графиктік редактор
   ә) іске қосу→программа→стандартты→ графиктік редактор
   б) іске қосу→стандартты → гафиктік  редактор
3. Paint графиктік  редакторы терезесінде не орналасады?
   а) тақырып, мәзір жолы, құралдар тақтасы, жұмыс аймағы
   ә) тақырып, құралдар тақтасы, палитра
   б) жұмыс столы, құралдар тақтасы, палитра
4. Палитра көмегімен неше түрлі түс таңдап алуға болады?
   а) 3                    ә) 2                  б) 1

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 5. Баспаға жіберу әрекеті<br>а) Файл – баспа<br>ә) Файл – бет параметрі - баспа<br>б) Түзету – баспа<br>6 Жаңа құжат құру әрекеті<br>а) Түзету - құру ә) Файл – құру б) Файл – бет параметрі - құру<br>7. Құжатты бірінші рет сақтау әрекеті<br>а) Файл - деп сақтау ә) файл - бет параметрі-сақтау<br>б) файл - шығу<br>8. Орындатпау командалары<br>а) түзету→ болдырмау ә) түзету→қайталау<br>б)түзету→көшіру<br>9. Саймандарды орнату әрекеті<br>а) Файл – саймандар панелі<br>ә) Түр – саймандар панелі<br>б) Формат – саймандар панелі<br>10. Графиктік редактордың жұмыс алаңын тазалау<br>а) Сурет – тазалау ә) Формат – тазалау б) Файл - тазалау | | | |
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс:**<br>*Сабақ соңындағы оқушылардың кері байланысы: МАҚСАТТАРҒА ҚАЙТА ОРАЛУ*<br>Үш минуттық эссе<br>Не оңай болы?<br>Не қиын болды?<br>Нені үйрендім? | Пікір жазылған парақтарға өз ойларын жазып, сабаққа кері байланыс береді | | Стикер қағаздары |

| | |
|---|---|
| Бөлім: | **1 БӨЛІМ. «АҚПАРАТ» ЖӘНЕ «МЕДИА** |
| **Педагогтің аты-жөні** | |
| **Күні:** | |

| Сабақ | №9 | |
|---|---|---|
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны: -** | **Қатыспағандар саны: -** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Фейк. Фейк емес ақпараттар | |
| **Сабақтың мақсаты** | Фейк емес ақпараттар туралы білу | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Жағымды атмосфера қалыптастыру. Оқушылар ортаға шығып, сағат тілі бағыты бойынша бір-бірлеріне комплимент айтады.<br>Сабақтың тақырыбы анықталады. Оқу мақсаттары мен бағалау критерийлері жарияланады. | Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады | | |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма**<br>**Фейк ақпарат пен Жалған ақпараттың айырмашылығы**<br><br>Әлеуметтік желідегі ақпаратты тексерместен бұрын жалған мен фейк дегеннің ара-жігін анықтап алуымыз керек. Көбіне адамдар бұл екеуін шатастырып, фейк пен жалғанды бір нәрсе деп ойлайды. Жалған ақпаратта ешқандай эмоция, асыра сілтеушілік немесе драмматизация жоқ. Мұндай ақпаратта абайсызда қате кетуі мүмкін. Оны оқыған кезде жалған екенін байқамайсыз.<br><br>Ал фейк ақпаратты анықтау оңай. Тақырыбы “мені оқышы” дегендей, өзіне тартып тұрады. Оны байқамау мүмкін емес. Фейк ақпаратта өзіне тән кілт сөздер бар. Көбіне бұл кликбейт тақырыптар, яғни “жаға ұстатты” деген | | **ҚБ «Тексеру парағы»**<br>*Оқушылар бір-бірінің жұмыстарын берілген депскриптор арқылы дұрыс орындалуын тексереді* | Қосымша үлестірмелі материалдар,<br><br>Сурет, қосымша мәтін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сияқты сөздер болады.<br><br>Сонымен қатар деректерді бұрмалаудан туатын манипуляция ақпарат бар. Бұрмаланған мәліметті анықтау қиындық туғызады. Себебі фейк пен жалған ақпаратқа қарағанда манипуляция көбіне статистикамен ойнайды.<br><br>**Ой қозғау**<br> <br>1.Суреттерде не көріп отырсыздар?<br>2.Не ерекше болды?<br>3.Тақырыпты болжап көріңіз....<br>Болжамдарын негіздейді<br><br>**2-тапсырма**<br>Мәтінмен жұмыс<br>Кино (гр. kineo – жылжытамын, жылжимын), кино өнері — өнердің бір саласы, кинематографияның техникалық негізде қалыптасқан көркем шығармашылық түрі. Фильмді жасауға әр алуан мамандықтағы шығармашылық қызметкерлер: кинодраматург, режиссер, актер, оператор, суретші, композитор, продюсер, каскадер, экономист, менеджер, т.б. қатысады. Фильм жасауда кинорежиссер жетекші рөл атқарады. | Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу<br><br>Оқушылар мәтін бойынша тапсырмалар орындайды<br>-Өнердегі кино,театр,әдебиеттің дамуының маңызына талдау жасайды;<br>-Өнердегі кино,театр,әдебиеттің даму ерекшелігін анықтайды; | **ҚБ. «20 секунд». Топтардың бірін-бірі бағалауы.**<br>*1-топ 2-топты, 2-топ 3-топты, 3-топ 1-топтың жұмысын бағалайды. Топ жұмысын 20 секунд ішінде дескрипторға сәйкес пікір білдіреді.*<br><br>**Мұғалімнің бақылауы мен комментарийлері** | Қосымша мәтін<br><br>Кесте |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Театр (грек. theatron – ойын-сауық орны; ойын-сауық) – сахналық өнердің өмір көріністерін драмалық әрекет арқылы көрермендердің көз алдында актерлер күшімен бейнелейтін бір түрі.Әдебиет (араб.: асыл сөз) — сөз өнері, әлеуметтік мәні бар шығармалар жиынтығы.<br><br>Өнердегі кино,театр,әдебиеттің дамуының маңызына «ЕНАРА» стратегиясы (5R) маңыздылық кестесі бойынша талдау жасау;
<table>
<tr><td>Есте қалатын (кім үшін?)</td><td></td></tr>
<tr><td>Нәтижелі (қандай нәтижелерге әкелді? Нәтижелері позитивті әлде негативті сипатқа ие ме?)</td><td></td></tr>
<tr><td>Айырықша мәнді (Сол тарихи кезеңде ол қандай көрініс тапты? Ол маңызды немесе айрықша болып есептелді ме?)</td><td></td></tr>
<tr><td>Резонансты (Оқиға/құбылыс қазіргі өмірге әсер етті ме? Қазіргі қоғам дамуына әсер етті ме? Адамдар одан сабақ алды ма?)</td><td></td></tr>
<tr><td>Айқындайтын/ басқа да қырларын түсінуге жол ашатын (оқиға/ құбылыс сол заманның адамдарының өмірі мен</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | көзқарастары туралы қандай ақпарат береді?) <br><br> **3-тапсырма** <br> **Мәтінмен жұмыс** <br> **Ертегі** – фольклордың негізгі жанрларының бірі. **Ертегі** жанры – халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем проза. Оның мақсаты – тыңдаушыға ғибрат ұсынумен бірге эстетикалық ләззат беру. **Ертегінің** атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетик. әдеби қазына. **ертегінің** бүкіл жанрлық ерекшелігі осы екі сипатынан көрінеді. Сондықтан ертегілік прозаның басты міндеті – сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Демек **ертегі** шындыққа бағытталмайды <br> «Өзіңе сенім арту үшін ересек ертегі көмектеседі» тақырыбына, ПТМС формуласын қолданып, эссе жазыңыз. <br> **Позиция** «Өзіңе сенім арту үшін ересек ертегі көмектеседі деп санауға болады/болмайды?» <br> **Түсіндіру**(себебі...) <br> **Мысал** (мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламын....) <br> **Салдар**(қорытынды жасаймын....) <br> GREAT кестесі балалар мен ересектер үшін ертегі жанрының маңыздылығына талдау жасайды | Мәтінмен жұмыс. <br> - Өзіңе сенім арту үшін ересек ертегі маңызына талдау жасайды; <br> -ертегі жанрларының пайда болу тарихына сипаттама береді; <br> - балалар мен ересектер үшін ертегі жанрының маңыздылығына талдау жасайды; <br> -қорытынды жазады; | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | G (Groundbreaking) - елеулі/ бетбұрысты<br>R (Remembered) - есте қаларлық<br>E (Events) - маңызды оқиға<br>A (Affected) - болашаққа әсері<br>T (Terrifying) кездескен қиындықтар | | | |
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс:**<br>**«Рефлексиялық пирамида»**<br><br> | Пікір жазылған парақтарға өз ойларын жазып, сабаққа кері байланыс береді | | Стикер қағаздары |

| **Бөлім:** | **1 БӨЛІМ. «АҚПАРАТ» ЖӘНЕ «МЕДИА** | |
|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сабақ** | №10 | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны: -** | **Қатыспағандар саны: -** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Ақпаратты сыни қабылдау | |
| **Сабақтың мақсаты** | Ақпараттың адам санасына әсер ету мәселелерін қарастыру | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Оқушылармен амандасып, түгелдеу.<br>Ынтмақтастық атмосферасын қалыптастыру.<br>Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады. | Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады | | |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма**<br>Практикалық жұмыс:<br>Суреттерге қарап ақпарат көздері, ақпарат қабылдаушылар туралы мәтін құрастырыңдар. Мәтінге атау қойып, компьютерде теріңдер және сақтаңдар<br> | Оқушылар берілген тапсырманы орындайды.<br><br>Оқушылар сабақ барысында алған білімдерін пайдаланып өз | **ҚБ. «Нысана». Топаралық бағалау.**<br>*1 топ жұмысын таныстырып жатқанда, басқа топтар белгілеп отырады. Екі топ өз жұмысын таныстырып болғаннан соң, әр топтың дескрипторына сәйкес орындалған дескриптор санына қарай нысанадағы орнын белгілейді. 1* | Қосымша материал<br><br>Постер қағаз, маркер, суреттер |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>2-тапсырма<br>Кестені толтыру
<table>
<tr><th>Ақпараттың берілу түрі</th><th>Ақпаратты қабылдау түрі</th><th>Ақпаратты қабылдау формасы</th></tr>
<tr><td>Көбейту кестесі</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сурет,автобустың қозғалу сызбасы</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Күннің күркіреуі,құстың дауысы,телефон шылдыры</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Оқулықтағы өлең жолдары</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Бейнефильмның көрінісі</td><td></td><td></td></tr>
</table>
Ақпараттық диктант<br>
Тапсырма<br>
1. Жазба батырмасын пайдаланып, төмендегі өлең жолдарын компьютерге түсір.</td>
<td>ойын ашық, дәлелді жеткізе алады.</td>
<td>топты қалған 2 топ бағалайды<br><br>ҚБ «Басбармақ» әдісі<br>
</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>**Біздің балалар**<br><br>Бақытты біздің балалар,<br>Гүлдей жайнап құлпырған.<br>Өскелең ой бар, сана бар,<br>Білгір алға ұмтылған.<br>Бақытты біздің балалар,<br>Өрнегі, көркі көңілдің.<br>Иесі ұлы Отанның,<br>Иесі нұрлы өмірдің.<br>Бақытты біздің балалар,<br>Заманның алғыр қыраны.<br>Күн көзіндей күлімдеп,<br>Көз алдымда тұрады. | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы 5 мин** | **Кері байланыс:**<br>-Осы сабақта білген бір затты айтыңыз<br>-Әлі де түсінбеген бір затты айтыңыз. | Пікір жазылған парақтарға өз ойларын жазып, сабаққа кері байланыс береді | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **1 БӨЛІМ. «АҚПАРАТ» ЖӘНЕ «МЕДИА** | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сабақ** | №11 | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны: -** | **Қатыспағандар саны: -** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Ақпараттық «Фастфуд» | |
| **Сабақтың мақсаты** | Аудитория санасында нақты бір көзқарас қалыптастыру және нақты бір әрекеттер жасауға шақыру үшін ақпараттың қандай түрлері қол- данылатынын оқушыларға түсіндіру | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Оқушылармен амандасып, түгелдеу.<br>Ынтмақтастық атмосферасын қалыптастыру. | Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады | | |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма**<br>Алты оқушыны ортаға шақыру керек (ең белсенді, ашық оқушыларды таңдаған дұрыс). Олардың біреуі өз еркімен сыртқа шығады, қалған оқушыларға тапсырмалар жазылған карточкалар таратылады. Тапсырманы орындауға және дайындалуға 1 минут беріледі.<br><br>**2-тапсырма**<br>Ерікті сыныпта мысалдар жазылған парақты алады. Ол бір минуттың ішінде барлық мысалды жазбаша түрде орындауы керек.Ол кезде карточка алған басқа оқушылар өздерінің тапсырмаларын орындауға көшеді. «Ақпарат арналары» ойынын ойнайтын оқушыларға арналған карточкалар (бастарына киюге немесе киімге қыстыруға | Топтық жұмысты орындайды | **ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі** | Қосымша материал |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>болады)<br><table>
<tr><td>Арна атауы</td><td>Орындаушыға арналған тапсырма</td></tr>
<tr><td>«Youtube»</td><td>Вы должны изображать какое-то действие вместе и разговаривать при этом по смыслу. Например, сцена в ма- газине (подружки меряют одежду), или два парня боксируют, или любое другое действие вдвоем.</td></tr>
<tr><td>2 адам</td><td>Қандай да бір әрекетті бірге жасауларыңыз керек және мағыналы әңгіме айтуларыңыз қажет. Мысалы, дүкен- нен көрініс (екі қыз киім өлшеп жатыр) немесе екі жігіт бокстасады немесе басқа да әрекетті таңдауға болады.</td></tr>
<tr><td>Facebook</td><td>Кез келген журнал немесе газетті қолына алып, оны парақтап, сыныптастарына суреттерді көрсетіп, олардың назарын аударатындай екпінмен суреттің астындағы мәтінді дауыстап оқу керек. Кез келген тақырыпты алуға болады, мысалы ауа-райы, саясат т.б. Ең бастысы тоқтап қалмау керек!</td></tr>
<tr><td>WhatsUpp</td><td>Сыныптасыңа сөйлеу керек, бірақ әр сөйлемнің алдында бір дыбыс шығару керек. Мысалы, «динь-динь, қайыр- лы таң!»,</td></tr>
</table></td>
<td>Сұрақтарға жауап береді</td>
<td>ҚБ «Көршіңді бағала» әдісі<br><br>ҚБ «Қол сигналдары» әдісі</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | «динь-динь, сабақтан қашан келесің?» және т.б. | | |
| **Instagram (қыз бала)** | Сыртқа шыққан оқушыға қарап таңғы асқа не жегеніңді, мектепке келе жатқанда кімді, нені көргеніңді, қандай киім алғаныңды тоқтамай айтуың керек. Әр сөйлем «қара, мен...» (бүгін сатып алдым, кеше тауып алдым» деп басталуы керек. | | |

**3-тапсырма**

Бір минуттан кейін ерікті оқушының қанша тапсы- рманы орындағанын көреміз.

**Оған қойылатын сұрақтар:** тапсырманы орын- дау қиын болды ма? Егер қиын болса, нақты не- ден қиналды? Сыныптастырнан естіген не көрген ақпаратты есінде сақтады ма? Егер «жоқ» деп жауап берсе, не себепті? Есінде қалса, неліктен есінде қалды? Ақпаратты кім айтты? Ол тапсыр- маны орындауға кедергі келтірді ме? Оқушылар пайдалы ақпарат айтты ма?

Барлық оқушылар бұл жаттығудың мақсатын бір- ге талқылайды.

**Түйін:** «Қоқыс» ақпарат адамның уақытын алады. Нәтижесінде адамның миында ештеңе қалмайды, қарапайым тапсырма орындағанда да көп қате жіберіледі (егер тапсырмада қате кетсе).

**4-тапсырма**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Оқушыларға сұрақ: «Ақпараттық фастфуд» деген не, оның бұл жаттығуға қандай қатысы бар?** | | | |
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс: «Сұрақ конверті» әдісі**<br>-«Бүгінгі сабақта білгеніңнің ең маңыздысы неде?»<br>-«Жаңа тақырыптың қай тұсы саған түсініксіз болып қалды?» | Оқушылар конверті бір-біріне беріп, әрқайсысы жеке өз жауаптарын парақтарға жазып, конвертке салады. | | |

| Бөлім: | 1 БӨЛІМ. «АҚПАРАТ» ЖӘНЕ «МЕДИА | |
|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сабақ** | №12 | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны: -** | **Қатыспағандар саны: -** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Жаңа медианың қалыптасуында интернеттің алар орны | |
| **Сабақтың мақсаты** | Жаңа медианың қалыптасуында интернеттің алар орны білу | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Оқушылармен амандасып, түгелдеу.<br>Ынтмақтастық атмосферасын қалыптастыру.<br>Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады. | Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады | | |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма.**<br>**Практикалық жұмыс**<br>**Тапсырма** (Ж.Ж)<br>1) «Ішкі желі», «Wi-Fi желісі» тақырыбы бойынша ақпарат іздеу<br>2) Word мәтіндік редакторға түсіріп<br>3) желі арқылы топ арасында осы ақпаратпен алмасу<br><br>2-тапсырма<br>**1- Топ «Opera»**<br>Интернет ұғымы<br>**2- топ «Yandex»**<br>Интернеттің зияны<br>**3- топ «Google chrome»** | Компьютердің желісі іске қосады.<br>Орнатылған браузердің ішінде ақпарат табады<br>Word мәтіндік редакторға түсіреді<br>Желі арқылы топ арасында осы ақпаратпен алмасу<br><br>Топ оқушылары берілген уақыт ішінде өз көмекшілері (оқулық, интернет) арқылы берілген | **ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек»** | Қосымша материал |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Интернеттің пайдасы.<br><br>3-тапсырма<br>«Рольдік ойын» жұмбақтап көрсету «Ішкі желі», «Wi-Fi желі» топпен көрсету<br>**Орысша және ағылшынша терминдер арасындағы сәйкестікті орнатыңыз**<br>**Браузер** **e-mail**<br>**Домен** **browser**<br>**Хабарламалар тақтасы** **domain**<br>**Сеанс** **gateway Желі**<br>**BBS**<br>**Электронды пошта** **session**<br>**Шлюз** **network**<br>**Калькулятормен жұмыс**<br>**Мақсаты:**<br>➢ Калькулятор программасымен жұмысты меңгерту.<br>➢ Калькулятормен қарапайым есептеулерді үйрену.<br><br>**Тапсырма**<br>***1-тапсырма.***<br>Есепте.<br>а) 3192+267-3814+8125-1215=<br>ә) $-\dfrac{\dfrac{\dfrac{8+5}{3}+2}{2}+7}{4}\cdot 2=$ | тақырып бойынша ізденіс жұмыстарын жүргізеді, мәліметтерді топтайды және постер жасау арқылы қорғайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді | **ҚБ «Дескриптор» әдісі Өзін-өзі бағалайды** | Қосымша материал |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | б) $\frac{(9-6)\cdot 7+49}{2}\cdot 3=$<br>***2-тапсырма***<br>48192:12-2016=<br>170·6:5-145=<br>6·(53+52)=<br><br>***3-тапсырма.*** Калькулятордың ішкі жадын пайдаланып, келесі амалдарды орында<br>(2+7)·2·16=<br>3·(2+4)=<br>278+12=<br>***4-тапсырма.*** Амалдарды орындаңдар<br>1) (17429+31867):78<br>2) (913-175):123<br>3) 2728:(520+162)<br>4) (31698-6713):5 | | | |
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс: « + , — , қызықты»** әдісі<br><br>1. Мен мынаны білдім…..<br>2. Маған қызық болғаны…..<br>3. Маған қиын болғаны…… | Пікір жазылған парақтарға өз ойларын жазып, сабаққа кері байланыс береді | | Стикер |

| Бөлім: | 1 БӨЛІМ. «АҚПАРАТ» ЖӘНЕ «МЕДИА | |
|---|---|---|
| Педагогтің аты-жөні | | |
| Күні: | | |
| Сабақ | №13 | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: - | Қатыспағандар саны: - |
| Сабақтың тақырыбы | Бұқаралық ақпарат құралдарының пайдаланылуы | |
| Сабақтың мақсаты | Бұқаралық ақпарат құралдарының пайдаланылуын түсіндіру | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Ынтмақтастық атмосферасын қалыптастыру. Сабақ тақырыбы, сарамандық жұмыстың мақсатымен таныстырылады. | Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады | | |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма.**<br>Сөздік жұмысы.<br>Мәтіналды жұмыс **«Сұрақ-жауап» әдісі.**<br>Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.<br>**Жеке жұмыс.**<br>1. Бұқаралық ақпарат құралдарына не жатады?<br>2. Олардың басты мақсаты не?<br>3. Әлемде оқиғаны түсіру, оны тарату қай кездері, қай елдерде болды? | -мәтінді тыңдайды;<br>-мазмұнын түсінеді;<br>-сұрақтарға жауап береді;<br>-ойларын айтады. | **ҚБ**: Мұғалім тарапынан жүретін бағалау «Ауызша мадақтау | Қазақстанның саяси картасы |
| | **2-тапсырма. «Графикалық органайзер» әдісі.**<br>Баспасөздің қызметін графикалық органайзерге салып, айт. **(Т.Ж.)**<br>**I топ.** Мерзімді баспасөз.<br>**II т оп.** Мерзімсіз баспасөз. | -газеттер мен кітаптарды қарайды;<br>-графикалық органайзер құрастырады;<br>-нақтылы дәлелдеп, графикалық | **ҚБ**: Мұғалім тарапынан жүретін бағалау «Ауызша мадақтау | А4 форматында жазылған тапсырмалар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **3-тапсырма. «Кезбе тілші» әдісі** арқылы көрші топтан интервью алыңдар. **Т.Ж.**<br>**І топ** «Балдырған» журналына жаңалық,<br>**ІІ топ** «Солтүстік Қазақстан» газетіне жаңалық даярлайды.<br><br>**4-тапсырма.** Берілген сұрақтарға дұрыс жауап беріп, сөзжұмбақты шеш. **Жеке жұмыс.**<br><br>Көлденеңінен: | органайзер арқылы қорғайды. | **ҚБ**: Мұғалім тарапынан жүретін бағалау «Ауызша мадақтау | Стикер қағаздары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1. Адамның перзенті.<br>2. Мерзімді баспасөз түрі.<br>3. Тұңғыш қазақ газетінің атауындағы алғашқы сөз. Қаланың аты.<br>4. Мерзімсіз баспасөз түрі.<br>5. Батыс Еуропадағы тұңғыш газет шыққан ел.<br>6. Лингвистиканың зерттейтін нысаны.<br>7. Ең алғашқы мерзімді баспасөздің түрі. | | | |
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс: «Көңіл күй букеті» әдісі**<br>Оқушылар гүлдерді вазаға қояды. Ваза суреті плакатқа салынған. Сабақтағы жұмысын бағалай отырып, әр оқушы аты жазылған стикер-гүлді вазаға бекітуі қажет.<br>Қызыл түс – *проблема бар, көмек қажет.*<br>Сары түс – *барлығы түсінікті емес.*<br>Жасыл түс – *барлығы жақсы.* | Пікір жазылған парақтарға өз ойларын жазып, сабаққа кері байланыс береді | | Стикер |

| Бөлім: | 1 БӨЛІМ. «АҚПАРАТ» ЖӘНЕ «МЕДИА | |
|---|---|---|
| Педагогтің аты-жөні | | |
| Күні: | | |
| Сабақ | №14 | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: - | Қатыспағандар саны: - |
| Сабақтың тақырыбы | Ақпараттың толықтығы. Ақпараттың өзектілігі | |
| Сабақтың мақсаты | Ақпарат туралы білім беру | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Оқушылармен амандасып, түгелдеу.<br>Ынтмақтастық атмосферасын қалыптастыру.<br>Өз ойларыңды ашық айтып, сыни тұрғыдан ойлана отырып жаңа сабақтың тақырыбын және мақсатын анықтайды. | Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады | | |
| **Сабақтың ортасы** | 1-тапсырма.<br>***Ақпараттың қасиеттері***<br>*Жаңа тақырыты видео арқылы меңгеру.*<br>Ақпараттың қасиеті – сенімділігі, толықтығы, өзектілігі, құндылығы, объективтілігі, түсініктілігі.<br><br>**«Ой қозғау»** әр топ төмендегі тақырыптар бойынша мазмұнды сызба (постер) дайындау.<br>1 – топ. Сенімділігі, Толықтық;<br>2 – топ. Өзектілігі, Құндылығы;<br>3 – топ. Объективтілігі, Түсініктілігі. | - ақпарат дегеніміз не екенін білді;<br>- ақпараттың қасиеттерін ажыратады;<br>- тәжірибеде қолданды; | **ҚБ «Топтық өзара бағалау»**<br><br>**ҚБ «Бір түйін сөз» әдісі** | Қосымша мәлімет |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **2-тапсырма**<br>Жұппен жұмыс. «ZipGrade»әдісі арқылы тест жұмысын алу.<br><br>***1. Қолданушыға түсінікті тілде берілген ақпарат не деп аталады:***<br>A. толық<br>B. маңызды<br>C. өзекті<br>D.түсінікті<br>***2. Жеке пікірлер мен талдауларға тәуелсіз ақпарат не деп аталады:***<br>A. ақиқат<br>B. өзекті<br>C. объективті<br>D. толық<br>***3.Заттар жағдайының ақиқаттығын білдіретін ақпарат қандай ақпарат деп аталады:***<br>A. толық<br>B. тиімді<br>C. маңызды<br>D. ақиқат<br>***4. Ең маңызды ақпарат қалай аталады?:***<br>A. толық<br>B. тиімді<br>C. маңызды<br>D. ақиқат<br>***5. Адам ең көп көлемдегі ақпаратты ненің көмегімен алады:***<br>A. есту мүшесі<br>B. көру мүшесі<br>C. сезу мүшесі | Тест сұрақтарына жауап береді | **ҚБ**: Мұғалім тарапынан жүретін бағалау «Ауызша мадақтау | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | D. иіс сезу мүшесі<br>***6. Адам тактильді ақпаратты ненің көмегімен алады:***<br>A. арнайы приборлар<br>B. термометр<br>C. барометр<br>D. сезу мүшесі<br>***7. Сигнал аналогты деп аталады, егер***<br>A. сандар нақты мәндерді қабылдаса<br>B. уақытқа сәйкес амплитуда бойынша үзіліссіз өзгеріп отырса<br>C. мәтіндік ақпараттарды қабылдаса<br>D. қандай да бір ақпараттарды қабылдаса<br>***8. Сигнал үзілісті деп аталады, егер***<br>A.сандар нақты мәндерді қабылдаса<br>B. уақытқа сәйкес амплитуда бойынша үзіліссіз өзгеріп отырса<br>C. мәтіндік ақпараттарды қабылдаса<br>D. қандай да бір ақпараттарды қабылдаса<br><br>***9. Үзілісті мәндер жиынындағы үзіліссіз бейнелер мен дыбыстарды кодтар түрінде түрлендіру қалай аталады? -***<br>A. кодтау<br>B. үзілісті<br>C. кодтаншығару<br>D. ақпараттандыру<br>***10. Компьютердіңсыртқыжадындаақпараттардыт үрлендіру***<br>A. үзіліссіз<br>B. үзілісті<br>C. дербесүзілісті, не үзіліссіз<br>D. символ | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| D | C | D | C | B | D | B | A | B | B |

**1. WWW аббревиатурасын оқылуында төмендегі қай сөз жоқ?**

А) World Б) Windows В) Web Г) Wide

**2. Алгоритм төмендегі блок-схема түрінде берілген. Оның орындалуы барысында шығысымыз *c* = 10. Алгоритм басында а-ға қанда мән меншіктелгенін анықтаңдар.**




А) 4 Б) 6 В) 2 Г) 1

**3. Кесте формула режимінде берілген. Есептеу нәтижесінде D3 ұяшығында қандай мән шығады?**




А) 111 Б) 113 В) 115 Г) 117

**4. Анар кездейсоқ Әлімнің электронды пошта мекенжайы жазылған қойын дәптерін жоғалтып алды. Оған**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **мекенжайын қалпына келтіруге көмектес, егер поштальқ сервердің аты *binary-digit*Ресейде орналасқаны, ал пошта жәшігінің аты *Alex* екені белгілі болса.**<br><br>А) Alex@binary-digit.ry Б) binary-digit@Alex.Russia<br>В) binary-digit.Alex@Russia Г) Alex@binary-digit.ru<br>**5. Суретте үш дөңгелек берілген. Олардың центрлері бір түзудің бойында орналасқан және бірінші дөңгелек екінші дөңгелекпен, ал екінші – үшіншісімен жанасады. Бір дөңгелек айналса қалған екі дөңгелекті қозғалысқа келтіреді. Айналымның қандай ең кіші санында дөңгелектердің әр қайсысы бастапқы қалыпқа келеді? Бірінші дөңгелектің диаметрі 12 см, екіншісінікі – 11 см, үшіншісінікі – 7 см (нұсқаларда алдымен бірінші дөңгелектің айналым саны, содан соң екінші және үшінші дөңгелектердікі көрсетілген)** | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>А) 67 80125 Б) 77 84132<br>В) 68 86 142 Г)7582122<br><br>**6. Ақпараттың жіберілу жылдамдығы 118 272 бит/с-ке тең. Файлды жіберуге 16 с уақыт жұмсалды. Файлдың өлшемі килобайттпен есептегенде қаншаға тең?**<br><br>А) 251 Б) 241 В) 221 Г) 231<br><br>**7. BBABBAAA массиві берілген. Айбек оған келесі алгоритмді қолданды: егер массивтің бірінші элементі «А»-ға тең болса, онда массивтің алғашқы екі элементінің орнын ауыстырамыз, ал егер массивтің алғашқы элементі «В»-ға тең болса, онда соңынан санағанда үшінші позицияға орын ауыстырамыз. Берілген алгоритмді 6 рет қайталай отырып, Айбек қандай тізбек алар еді?** | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | А) AABBBBAA Б) AABBAABB<br>В) BBAABBAA Г) BBBAABAA | | | |
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс: «Көңіл күй букеті» әдісі**<br>Оқушылар гүлдерді вазаға қояды. Ваза суреті плакатқа салынған. Сабақтағы жұмысын бағалай отырып, әр оқушы аты жазылған стикер-гүлді вазаға бекітуі қажет.<br>Қызыл түс – *проблема бар, көмек қажет.*<br>Сары түс – *барлығы түсінікті емес.*<br>Жасыл түс – *барлығы жақсы.* | Пікір жазылған парақтарға өз ойларын жазып, сабаққа кері байланыс береді | | Стикер |

<table>
<tr><td>Бөлім:</td><td colspan="2">2 БӨЛІМ. АҚПАРАТТЫҚ СТАНДАРТТАР ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИА ДӘУІРІНДЕГІ ЭТИКА</td></tr>
<tr><td>Педагогтің аты-жөні</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>Күні:</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>Сабақ</td><td colspan="2">№15</td></tr>
<tr><td>Сынып:</td><td>Қатысушылар саны: -</td><td>Қатыспағандар саны: -</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы</td><td colspan="2">Ақпараттық стандарттар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың мақсаты</td><td colspan="2">Ақпараттық стандарттар туралы білім беру</td></tr>
</table>

**Сабақтың барысы**

<table>
<tr><th>Сабақтың кезеңі/ уақыт</th><th>Педагогтің әрекеті</th><th>Оқушының әрекеті</th><th>Бағалау</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td>Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Ынтмақтастық атмосферасын қалыптастыру. Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады.</td><td>Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>1-тапсырма<br>Стандарттардың бірнеше түріне тоқталып көрейік: Кестені толтырыңыз<br><table><tr><th>Түрі</th><th>Сипаттама</th></tr><tr><td>Пікір мен көзқарас тепе-теңдігі</td><td></td></tr><tr><td>Жеделдік</td><td></td></tr><tr><td>Нақтылық (дереккөзге сілтеме)</td><td></td></tr><tr><td>Факті мен пікірдің</td><td></td></tr></table></td><td>Кестені толтырады</td><td>ҚБ «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісі<br>Әр топ бір-бірін бағалағау кезінде орындаған тапсырманың екі жұлдызын және бір ұсынысын комментарий түрінде береді</td><td>Қосымша мәтін<br><br>Қосымша материал</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td>ара-жігін ажырату</td><td></td></tr>
<tr><td>Айқындық</td><td></td></tr>
<tr><td>Нақты мәселе бойынша ақпарат пен фактілерді толық беру</td><td></td></tr>
<tr><td>Қолжетімділік</td><td></td></tr>
</table>
<br>
Цифрлары бар үш карточка берілген. Осы карточкаларды пайдаланып, неше екі таңбалы сандар құрауға болады? Сандағы цифрлар қайталанбау керек.<br>
<br>
<br>
А) 10 Б) 4 В) 8 Г) 6<br>
9. Сыйлықтарды тарату үшін Аяз Ата жолға шықты. Ұсынылған графқа қарап, ақиқат емес тұжырымды көрсетіңдер.<br>

</td>
<td>Топтық жұмысты орындайды</td>
<td>ҚБ «Бағдаршам» әдісі<br>жұпаралық бағалау</td>
<td></td>
</tr>
</table>




А) Аяз Ата жолын Н қаласынан бастады
Б) Р қаласынан кейін ол П қаласына ұшты
В) О және З қалаларының ортасында ол 3 (үш)  қалаға соқты
Г) В қаласынан О қаласына ұшып бару үшін Аяз Ата тағы 3 (үш) қалаға соқты.

**10. Рим цифрларымен жазылған екі санның айырмасы нешеге тең: CDXXV – CXLI = ?**

А) CCLXXXVI    Б) CCLXXXIV
В) CCLXXXVIII   Г) CCXXXIV

**11. Төмендегі блок-схема түрінде берілген алгоритмді**

**орындаңдар. Алгоритмнің шығысында к бүтін санды айнымалының мәні нешеге тең?**




А) 9 Б) 3 В)7 Г) 5

**12. 11110, 10000, 10000, 11110, 10010, 11110 кодтарын жарық таблосына енгізгеннен кейін қандай әріп бейнеленеді? «1» - лампочканы жағады, «0» - жақпайды, («,») үтір келесі қатарға өтуді білдіреді. Жарық таблосымен жұмысты сол**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **жақтағы жоғарғы бұрыштан бастау керек.**<br><br>А) а Б) б В) в<br>Г) г | | | |
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс: «Табыс ағашы» әдісі**<br>Түсіндім – ең жоғарысына жасыл стикерге жазып, жабыстыру<br>Толық түсінбедім – ортасына қызыл стикерге жазып, жабыстыру<br>Түсінбедім – ең төменіне көк стикерге жазып, жабыстыру | Пікір жазылған парақтарға өз ойларын жазып, сабаққа кері байланыс береді | |  |

| Бөлім: | 2 БӨЛІМ. АҚПАРАТТЫҚ СТАНДАРТТАР ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИА ДӘУІРІНДЕГІ ЭТИКА | |
|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сабақ** | №16 | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны: -** | **Қатыспағандар саны: -** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Өзін-өзі реттеу механизмдері | |
| **Сабақтың мақсаты** | Өзін-өзі реттеу механизмдері туралы білім беру | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Ынтмақтастық атмосферасын қалыптастыру. Өз ойларыңды ашық айтып, сыни тұрғыдан ойлана отырып жаңа сабақтың тақырыбын және мақсатын анықтайды. | Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады | | |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма**<br>Қатысушыларды шағын топтарға бөліп, келесі заңдардың көмегі тиюі мүмкін тапсырмалар беру. Оқиғалар бойынша сурет салуға, көрініс қоюға болады.<br><br>**Көмекші сөздерді пайдаланып, информатикамен байланасы жоқ сөзді көрсет:** | Топтық жұмысты орындайды | **ҚБ «Минуттық шешім» әдісі** топтық бағалау | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br><br>А)<br><br>Б)<br><br>В)<br>Г)<br><br><br>**14. Пошташы күнде таңертең газет таратады. Ол үйден** | Берілген тапсырмаларды орындайды | **ҚБ «Көршіңді бағала» әдісі** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **шығып, бірден Үкіге барады, Үкіден кейін Құмырсқаға кіреді. Кейін кезекпен Тасбақа, Ұлу, Торайға барады, Тасбақадан кейін міндетті түрде Мысыққа кіреді. Пошташының жолын бейнелейтін сызбаны көрсетіңдер.**<br><br>А) Б)<br><br><br>В)<br>Г) | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>**15. Қонжыққа ең қысқа жолмен досына жетуге көмектес. Өткен жолы бойынша әріптерді жина. Қандай сөз шықты?**<br><br>А) радио Б) компьютер<br>В) телевизор Г) | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | телефон<br><br>1-ТОП: Шындыққа жанаспайтын ақпарат таратқаны үшін жауапкершіліктен босатылатын жағдай. /// ҚР БАҚ туралы заңы 26-бап. // мысалы, біреу әлдебір оқиға немесе жағдайға қатысты жалған ақпарат таратты. таратылған ақпарат бойынша оны сотқа тартты делік. Сот журналисті кінәсіз деп тапты. Неге?<br>2-ТОП: Журналист құқылы: - алынатын ақпараттың дұрыстығын тексеруге. (ҚР БАҚ туралы заңы 20-бабы, 6-тармағы)<br>ТАЛДАП КӨРІҢІЗ: Нақты ақпарат таратқаны үшін ешкім журналистен жауапкершілікті алып тастамайды. Бұл секілді немесе бұған ұқсас жайттар азаматтық қатынас негізінде қаралады.<br>3-ТОП: Ақпаратқа қол жеткізуге кепілдік беру және принциптері. Әркім жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдардан ақпаратқа қол жеткізуге құқылы. Мемлекет олардың ақпарат алуға. зерттеуге, шығаруға, беруге және таратуға деген құқын қорғайды.<br><br>**2-тапсырма**<br>Кодекстің «Сөз басы» бөлімінде келесідей мәселелер жазылған:<br>Бұқаралық ақпарат құралдарының жұртшылықты объективті ақпаратпен қамтамасыз етудегі маңызды рөлі мен миссиясын сезіне отырып,<br>жалпыадамзаттық құндылықтар мен моральдық-этикалық үл- гі-қалыптарға | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жақындықты тұтастай бөлісе отырып,<br>сөз бостандығы мен ой-пікір білдіру журналистің ажырамас құқығы, еркін бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің міндетті шарты екенін мойындай отырып,<br>Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясын, БҰҰ-ның Баспасөз бостандығының бүкіләлемдік хартиясын, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен қолданыстағы заңнамала- рын басшылыққа ала отырып,<br>Қазақстан журналистері Қазақстанның журналистері мен бұқара- лық ақпарат құралдары қызметкерлерінің моральдық-этикалық қағидаттары мен кәсіби қызметінің нормаларын қалыптастыра- тын Қазақстан Республикасы журналисінің Этикалық кодексін (бұдан әрі қарай - Кодекс) қабылдады.<br><br>Кодекс өзіндік тәртіп пен моральдық-этикалық бағдардың құралы болып табылады, жұртшылық тарапынан журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдарына сенім мен құрмет көрсетуге қол жеткізуге ықпал етеді.<br><br>Ал кодекстің қорытынды бөлімінде:<br>Аталған Кодекс журналистердің - Қазақстан азаматтарына және қатысы бар.<br>Журналистің Кодекске қарым-қатынасы - ар-ұятына байланысты. Кодексті ұстануға немесе бұзуға мәжбүрлеуге жол берілмейді деп көрсетілген. Десе де Қазақстан | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | журналистеренің этикалық кодексінде кодекс бұзылған жағдайда қандай жауапкершілік қолда- нылатыны немесе оны кімдер қадағалайтыны беймәлім күйінде қалған. | | | |
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс: «Аяқталмаған сөйлем»**<br>Бүгін мен ...... білдім<br>Мен үшін ....... қызық болды<br>Маған..... тапсырмаларды орындау оңай болды | Пікір жазылған парақтарға өз ойларын жазып, сабаққа кері байланыс береді | |  |

| **Бөлім:** | **2 БӨЛІМ. АҚПАРАТТЫҚ СТАНДАРТТАР ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИА ДӘУІРІНДЕГІ ЭТИКА** | |
|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сабақ** | №17 | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны: -** | **Қатыспағандар саны: -** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Журналистика және медиасауаттылық | |
| **Сабақтың мақсаты** | Ақпаратқа сыни баға беруді қалыптастыруға, бұқаралық ақпарат құралдарының жалпы жұмыс тәсілін түсінуге жәрдемдесу | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Оқушылармен амандасып, түгелдеу.<br>Ынтмақтастық атмосферасын қалыптастыру. Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады. | Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады | | |
| **Сабақтың ортасы** | **Информатика кабинетінен үзілісте 6 оқушы шығып, 11-і кірді. Келесі үзілісте 8-і шығып, 9-ы кірді. Қазір информатика кабинетінде неше оқушы бар, егер алғашында онда 24 оқушы болғаны белгілі болса?**<br><br>А) 20 Б) 30<br>В) 10 Г) 40<br><br>**17. Кестедегі кілттерді пайдаланып,** | **Тапсырмкаларды орындайды** | **ҚБ «Бәрекелді, әттеген-ай» әдісі** | http://e-history.kz/kz/scorm/course/217 |

**атақты адамның есімін табыңдар:**

**(1,3)(5,3)(1,3)(2,1)(1,3)(3,3)(2,1)(6,3)(11, 3)(3,2)**

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | А | Б | В | Г | Д | Е | Ё | Ж | З | И |
| 2 | П | Р | С | Т | У | Ф | Х | Ц | Ч | Ш |
| 1 | К | Л | М | Н | О | Ь | Ъ | Ы | Э | Ю |
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

***Бұл кісінің несімен белгілі екенін таңдар:***

А) антивирустық бағдарламаның авторы
Б) компьютер құрылғысы мен жұмыс жасау принципінің авторы
В) алғашқы бағдарламашы
Г) бағдарламалау тілінің авторы

**18. Мақпалдың компьютерінде әр түрлі файл бар папка орналасқан. Мақпал кітап оқығанды ұнатқандықтан, оның барлық файлдарында жазушылар мен олардың шығармашылығы туралы ақпарат бар. Осы файлдар**

**ҚБ «Көршінді бағала» әдісі**

**ҚБ «бір минуттық шешім» әдісі**

Кесте

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **белгішелері мен аттарын олардың кеңейтілуімен сәйкестендір:**<br><br><br>**а) xls б) txt в) doc г) wav д) pptx**<br>А) 1г 2в 3а 4б 5д Б) 1д 2а 3б 4в 5г<br>В) 1а 2д 3б 4г 5в Г) 1в 2д 3б 4г 5а | | | Қосымша материал |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1-ҚАДАМ. Қатысушылар арасынан 3-4 адам таңдап, олардың көздерін орамалмен байлаймыз.<br>2-ҚАДАМ. Қатысушыларға бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі заттар береміз (үлкен жұмсақ ойыншық, химия кабинетінен қандай да бір заттар (газшығаратын колба және т.б.). Қатысушылар заттың бір бөлігін қолымен ұстап көріп, қандай зат екенін анықтауы керек. Әр қатысушы қолындағы заттың не екенін түсіндіреді. Оқытушы заттарды алдын-ала дайындап қойғаны дұрыс.<br>3-ҚАДАМ. Соқырлар мен піл туралы өсиет әңгімені оқыңыз. Ежелгі үнділерден жеткен мынандай әңгіме бар: Бір ауылды алты соқыр адам өмір сүріпті. Бір күні оларға «бізге піл келіпті» деген хабар жетеді. Ол адамдар пілдің не екенін, түрінің қандай болатынын білмеген екен. Олар «пілді бәрібір көре алмаймыз, ең болмағанда ұстап көрейік» деген оймен пілдің жанына келеді. «Піл деген – тіреуіш», -дейді пілдің аяғын ұстаған біреуі.<br>«Піл деген – жіп екен»,- дейді екіншісі пілдің құйрығын ұстап көріп. «Жо–ға! Бұл деген ағаштың қалың бұтағы ғой»,- дейді пілдің тұмсығын сипаған тағы біреуі. Пілдің құлағына қолы тиген төртіншісі пілді желпуіш дейді. «Піл – үлкен бөшке» дейді бесіншісі ішін ұстап көріп, ал алтыншысы пілдің азуын ұстаған соң, оны темекі шегетін тұтқаға ұқсатады.<br>Соқыр адамдар арасында қып-қызыл дау туады. Әрқайсысы өз айтқанынан қайтпайды. Егер сол заматта көшеде өтіп бара жатқан дана адам тоқтамағанда, бұл әңгіменің немен аяқталары | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | белгісіз болар еді. «Не болып жатыр?» деген сұраққа дауласушылар: «Пілдің неге ұқсайтынын білмей дал болып жатырмыз» деп жауап береді. Содан әрқайсы өз ойымен бөліседі.<br>Сол кезде дана адам былай деп түсіндірген екен: «Сіздердің барлықтарыңыз дұрыс айтасыздар. Сіздердің әрқайсыларыңыз пілдің әртүрлі дене мүшесін ұстап көрдіңіздер.Шынымен де, сіздер айтып отырғанның барлығы да пілде бар» деген екен.<br>СҰРАҚ: бұл өсиет әңгіменің толық ақпарат алумен қандай байланысы бар?<br><br>2-тапсырма<br>Талдау және пікір алмасу<br><br><br><br>3-тапсырма<br>Медиасауаттылыққа адамның мынандай қабілеттері жатады:<br>• БАҚ-ң қызметі мен рөлін түсінуі;<br>• Медиа-контентті бағалауы және сыни талдау жасауы;<br>• Мәдениетаралық диалог пен оқыту мен | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | демократия үшін БАҚ-ты қолдануы;<br>• Жеке медиа контент өндіруі (медиаөнімдерді өз бетінше дайындауы).<br><br> | | | |
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс: «Бір ауыз сөз» әдісі**<br>Оқушылар стикерлерге сабақ туралы бір ғана сөз жазып, оны тақтаға жапсырады. Өз ойларын түсіндіріп береді. | Пікір жазылған парақтарға өз ойларын жазып, сабаққа кері байланыс береді | | Стикерлерге сабақты бағалайтын келесі сөздер тақтаға алдын-ала жазып қойылады: ұнады, қажет, түсінбедім, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым т.б. |

| | |
|---|---|
| **Бөлім:** | **2 БӨЛІМ. АҚПАРАТТЫҚ СТАНДАРТТАР ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИА ДӘУІРІНДЕГІ ЭТИКА** |
| **Педагогтің аты-жөні** | |
| **Күні:** | |
| **Сабақ** | №18 |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны: -** / **Қатыспағандар саны: -** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Ақпараттық тағам деп қарастырсақ |
| **Сабақтың мақсаты** | Ақпараттық тағам туралы мағлұмат беру |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Ынтмақтастық атмосферасын қалыптастыру. Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады. | Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады | | |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма.**<br><br>2-қадам. Талқылау кезеңі мен мұғалімнің презентациясы. Неге біз мұндай болып юара жатырмыз? (оқушылардың жауаптарын тыңдаймыз)<br>Себебі, біз ақпараттық «фастфудты» тұтынамыз. Адамдар өз беттерінше тіркестер табуға, ойын нақты жеткізуге еренеді. Дайын тіркестерді қолдану олар үшін үйреншікті болып кетеді. Оқушыларға сұрақ: Ақпараттық тұтыну несімен қауіпті? Талқылау, оқушылар мысал келтіреді. Сыни ойлау қабілетінің жұмыс істемей қалған | Талдау жасайды<br><br>Талдау жасайды | **ҚБ «Бәрекелді, әттеген-ай» әдісі** | Қосымша мәтін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сәтінде қауіпті.<br>Сыни ойлау – бағдарды жоғалтып алмауға, дұрыс шешім қабылдауға және зияны тиетін нәрселерден бас тартуға көмектесетін қабілет. Сыни ойлау қабілеті тоқтап қалғанда адам талдау қабілетінен айрылады. Нәтижесінде адам оқығанның барлығына сене беретін болады. Жазылғанның барлығына сене беруге болмайды. Сонымен, сыни ойлау тақырып немесе оқиғаны сізге көрсеткен тұсын ғана емес әр қырынан көру. Ақпаратпен қалай жұмыс жасау керек? Көзге түскеннің барлығын оқымау керек. Кезекті ақпаратты оқып отырғанда бұл ақпараттың қандай пайдасы болатыны туралы ойланыңыз. Сіз танысқан жаңа ақпарат көзқарасыңызды өзгертуге көмектесе ме?<br>Сіз мектеп бітіргенде, одан кейін ЖОО бітіргенде, жұмыс іздегенде сіздің қанша ақпарат білетініңіз емес, ақпаратты талдау, маңызды дүниені көріп, оны практикада қолдана білу қабілетіңіз маңызды. Миыңызды қажетсіз ақпаратпен толтырмаңыз.<br><br>3-қадам. Оқушыларға сұрақ: Сіздің ойыңызша, ақпараттық «фастфудтан» мүлде бас тартқан дұрыс па? (ауызша, тез). Оқушылардың жауаптарын тыңдау.<br><br>2-тапсырма.<br>Сыни ойлау қабілетінің жұмыс істемей | Сұрақтарға жауап береді | **ҚБ «Көршіңді бағала» әдісі** | Таратпа материал |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қалған сәтінде қауіпті. Сыни ойлау бағдарды жоғалтып алмауға, дұрыс шешім қабылдауға және зияны тиетін нәрселерден бас тартуға көмектесетін қабілет.<br>Сыни ойлау қабілеті тоқтап қалғанда адам талдау қабілетінен айрылады.<br>Нәтижесінде адам оқығанның барлығына сене беретін болады.<br>Жазылғанның барлығына сене беруге болмайды.<br>Өзіңізге мына сұрақтарды қойыңыз:<br>Бұл ақпаратты қалай қолдануға болады?<br>Бұл ақпарат сіздің өміріңізді жақсартуға жарай ма?<br><br>**19.**<br><br>**Мақсат тасбақа салғысы келді. Ол бұны қандай сызба арқылы жасай алады? Суреттің басы** | Сұрақтарға жауап береді | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс: «Бір ауыз сөз» әдісі**<br>Оқушылар стикерлерге сабақ туралы бір ғана сөз жазып, оны тақтаға жапсырады. Өз ойларын түсіндіріп береді. | Пікір жазылған парақтарға өз ойларын жазып, сабаққа кері байланыс береді | | Стикерлерге сабақты бағалайтын келесі сөздер тақтаға алдын-ала жазып қойылады: ұнады, қажет, түсінбедім, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым т.б. |

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **2 БӨЛІМ. АҚПАРАТТЫҚ СТАНДАРТТАР ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИА ДӘУІРІНДЕГІ ЭТИКА** | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні:** | | |
| **Сабақ** | №18 | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны: -** | **Қатыспағандар саны: -** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Ақпараттың адамға әсері | |
| **Сабақтың мақсаты** | Өз бетінше сыни ойлау қабілетін дамытуға көмектесу | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Ынтмақтастық атмосферасын қалыптастыру. Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады. | Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады | | |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма**<br>Оқушылар үш топқа бөлінеді.<br>Әр топқа алдын-ала дайындалған постерлер (жарнама брошюралары) мен стикерлер таратылады | Сұрақтарға жауап береді | Ауызша мадақтау<br>-Жарайсың<br>-Өте жақсы<br>-Жақсы<br>-толықтыр | Оқулық |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td>Әлеуметтік жарнама:<br>КСРО уақтындағы постер,<br>Ішімдіктің зияны туралы әлеуметтік жарнама</td><td>Жарнама:<br>Дүниежүзіне әйгілі сусында жарнамалайтын постер</td><td>Насихат:<br>Орыс және ағылшын ұшқыштарының «достық кездесуін» бейнелейтін Екінші дүниежүзілік соғыстың кеңестік насихаты.<br>Аударма: Берлиндегі кездесу</td></tr>
<tr><td>Жарнама:<br>"Kit-kat" батончигін жарнамалайтын постер.<br>Аударма: үзіліс жаса – Кит-кат же.</td><td>Ақпараттандыру:<br>Алдағы Масленица туралы ақпарат</td><td>Әлеуметтік жарнама<br>Әйелдердің құқықтары туралы әлеуметтік жарнама</td></tr>
<tr><td>Әлеуметтік жарнама:<br>Тазалық туралы әлеуметтік жарнама</td><td>PR-компания<br>Ұялы байланыс операторын жарнамалау үлгісі</td><td>Үгіт-насихат<br>Сайлау алды үгіт-насихат</td></tr>
<tr><td>Ақпараттандыру<br>ТЖМ-ң қар көшкіні және жолдың қауіпті аумақтарына шықпау қажеттігі жайындағы хабарламасы</td><td>Насихат</td><td>PR-компания<br>«Технодом» сауда орталығының жарнамасы</td></tr>
</table>
<br>
2-тапсырма<br>
Мәтін. Ұлттық ақпараттық қауіпсіздік. «Альфа деген кішкентай ел» атты ертегі<br>
Бір күні Альфа атты кішкентай ел болыпты. Ол бақытты өмірге керектің барлығы бар кіп-кішкентай, бақытты ел екен. Минералды ресурстарға бай, табиғаты керемет, халқы өте еңбекқор екен. Бұл кішкентай ғана елдің Бетта, Омега, Зет деген үлкен үш көршісі болыпты. Альфа олармен дос болыпты. Бірақ, бір күні Бетта халқының күн өткен сайын көбейіп жатқанын түсінеді. Бәлкім, жақын арада халқы үшін оның ресурстары жетпеуі мүмкін. Содан Бетта Альфаның территориясына көз салуды бастайды. Альфа кішкентай болғандықтан, оны басып алу да оңай деген ой түйеді. Алайда, ашық агрессияға жол берілмеді, онда өзге елдерден толық оқшаулану қаупі тұрды. Бетта қулыққа көшпекші болды, Альфа тұрғындарын өз еркімен Беттаның бөлігі болғысы келетіндей күйге түсіруді мақсат етті.Содан, Бетта Альфа еліндегі өз баспасөзін ашуды шешті. Бетта газеті Альфа халқының керемет екенін, олардың салт-
</td>
<td>Топтық тапсырмаларды орындайды</td>
<td>-ойлан т.с.с.<br><br>Бағдаршам арқылы бағалау жүргізіледі<br><br>Өте жақсы<br><br>Жақсы<br><br>Орташа</td>
<td>Тірек сызба</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | дәстүрінің ерекшелігін жаза бастады. Билік туралы сөз қозғамада, кейді бейтарап ақпарат қана шығып тұрды. Газетті Альфа тұрғындарының жартысы оқи бастаған сәтте газет Альфа билігінің әлсіздігі туралы, оны тек Бетта ғана құтқара алатыны туралы жаза бастады. Альфа халқы екіге бөліне бастады. Интернетте Бетта мемлекетінің бөлігі болғысы келетіндер және Альфа тәуелсіз мемлекет болып қалуы керек деген көзқарастағы альфалықтар арасында нағыз текетірес басталды. Өзін ең мықты мемлекет деп санайтын, демек басқа елдермен салыстырғанда құқығы көбірек Омега Альфаны Беттаның алуына жол бермеймін деп шешті. Ол Альфа территориясын өзіне қосып алмақшы болып, Альфа елінде жекеменшік интернет басылым ашты. Интернет басылымда ол Беттаны өзге елдің ішкі істеріне араласты деп кінәлады. Беттаға қосылуға қарсылық білдірген альфалықтар Омеганы қолдай кетті. Альфа мен Беттаның билігін сынаған басылым кішкентай мемлекеттің тұрғындарын Омега қосылуға шақыра бастады. Онымен қоймай, Альфа тұрғындары арасында іріткі салды.Әлеуметтік желілердегі текетірестерден халық көшеге шыға бастады. Әр жерде Омега мен Бетта жақтастары арасындағы жаппай төбелестер жиіліп кетті. Дәл осы жағдайды пайдаланып, өзін ең мейірімді ел деп санайтын Зет Альфаға ірі көрші елдердің ақпараттық ықпалына қарсы тұруға көмектеспекші болды. Сондықтан, Альфада ол да өзінің жекеменшік телеарнасын ашып алды. Онда тәуелсіздіктің маңызы мен қадірі туралы | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | көп айтылды. Бетта мен Омега билігіне де тоқтаусыз айып тақты. Таяқтың ұшы Альфа билігіне тиді. Зет телеарнасы мұндай жікке бөлінуге жол берген билік мемлекетті басқара алмайды деген көзқарасты таратты. Нәтижесінде, Альфада билікке қарсы шыққан тағы да бір топ пайда болды. Мұның барлығы ушығып, бір кні Альфа елінде азаматтық соғыс оты тұтанды. Үш мемлекет басшылары Альфа мәселесін шешу керек деп, келіссөздер жасауға көшті... ӘҢГІМЕНІҢ ЖАЛҒАСЫ... Үш мемлекет келіссіздер жасасып, Альфаның территориясын өзара бөліп алды. Бетта жаңа ресурстарға, Омега шекарасының кеңейгеніне қуанды. Зет мейірімді екеніне риза. Ол өзінің жаңа жерінде Альфаның мәдени ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерін сақтап қалу үшін арнайы аймақ ашты. Қуанбаған тек Альфа ғана, себебі ондай мемлекет енді жоқ<br>1-ҚАДАМ. Ертегіні қағазға шығарып дайындап қою; 2-ҚАДАМ. Оқушыларды үш немесе одан көп топқа болу; 3-ҚАДАМ. Барлық топтарға талқылау үшін ертегіні тарату. Тапсырма: ертегіні жалғастыру керек. 4-ҚАДАМ. Талқылау: кішкентай елдік тағдыры шешіліп жатқанда үш елдің БАҚ-тары қандай рөл ойнады? Оқушылардың жауаптарын тыңдау | | | |
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс:**<br>**«Ойды аяқта»**<br>-Бүгін мен білдім-----------<br>-Мен үйрендім--------------<br>-Қолымнан келеді----------<br>-Қиындық тудырады----------- | Пікір жазылған парақтарға өз ойларын жазып, сабаққа кері байланыс береді | | Стикер қағаздары<br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Бүгінгі сабақтың бағалау критерийлеріне қайтып оралу.* . | | | |

| Бөлім: | 2 БӨЛІМ. АҚПАРАТТЫҚ СТАНДАРТТАР ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИА ДӘУІРІНДЕГІ ЭТИКА | |
|---|---|---|
| Педагогтің аты-жөні | | |
| Күні: | | |
| Сабақ | №20 | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: - | Қатыспағандар саны: - |
| Сабақтың тақырыбы | Әлеуметтік жарнамалар | |
| Сабақтың мақсаты | Әлеуметтік жарнама туралы түсінік беру | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Ынтмақтастық атмосферасын қалыптастыру. Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады. | Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады | | |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма.**<br>**Мәтінмен жұмыс**<br>Жарнама, реклама (франц. reclame, лат. reclamo — жар саламын) — тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама; белгілі бір адамдар, ұйымдар, әдебиет пен өнер шығармалары туралы хабар таратып, оларды әйгілеу. Жарнама – коммуникация құралы, мәдени және өркениеттік тетіктер–техника мен технология арқылы ол қоғамдық байланыстардың дамуына өз әсерін тигізеді. Әлбетте, адамзат қоғамының тэй-тэй басқан шағында толыққанды жарнама әлі өмірге келмеген-тін, тек жарнама нышандары ғана бой көрсете бастағанды. Жарнама нышандарын | -жарнама туралы ақпаратарды анықтайды;<br>- Жарнама нышандарын алғашқы қауымға қауіп-қатерін сипаттайды; | **ҚБ «Көршіңді бағала» әдісі**<br>*Оқушылар бір-бірінің тапсырмаларын оқып тексереді, ұсынылған дұрыс жауаппен бір – бірінсалыстырады* | Қосымша материал |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>алғашқы қауымға қауіп-қатер төнгенде дабыл атқарымын орындаған, бір тайпаның адамын келесі тайпаның өкілінен айырмалаған әлеуметтік ақпарат ретінде қарастыруға болады. Тайпа мүшесінің сақал-шаш жіберуінен, киім киісінен, денесінің түрлі бөліктеріне таңба салуынан осындай ақпарат «көзге ұрып тұратын».<br>Кестемен жұмыс
<table>
<tr><th>Жарнаманың даму үдерісін шартты түрде бірнеше кезеңдері</th><th>сипаттама</th><th>ерекшеліктері</th></tr>
<tr><td>Б.д.д. III мыңжылдық–б.д. V мыңжылдық – жарнаманың ілкі тарихы (ежелгі дәуір, антикалық кезең және антикадан кейінгі кезең);</td><td></td><td>.</td></tr>
<tr><td>VI-VII (орта) ғасырлар (феодализм дәуірі, өнеркәсіпті цехтық тәсілмен ұйымдастырудың қалыптасуы);</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>XVI-XVII</td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>-Жарнаманың даму үдерісін шартты түрде бірнеше кезеңдерін ажыратады;</td>
<td>ҚБ «Баспармақ» әдісі<br><br>«Шапалақ» әдісі</td>
<td>

Интерактивті тақта, стикер , смайликтер, көрнекіліктер
</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td>ғасырлар – Ренессанс және ағарту дәуірінің жарнамасы;</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>XIX ғ.-XX ғ. басы – индустриялық өндірістің және капиталистік экономиканың даму кезеңі</td><td></td><td></td></tr>
</table>
«Саусақ ұшындағы білім» әдісі арқылы оқушылардың ұғымдарды қаншалықты білетіндіктерін кестеге мысалдарды орналастыру арқылы анықтайды.<br>
Анықтама жазылған кестені слайд арқылы көрсете отырып, ұғым атауларын анықтату.<br><br>
2-тапсырма<br>
Мәтінмен жұмыс<br>
Жарнама материалдары көптеген мақсатта қолданылады. Жарнама тек бір мақсатты ғана көздейтін сияқты болып көрінуі мүмкін, бірақ шын мәнінде олай емес. Жарнаманың негізгі мақсаттары мыналардан құралады:<br>
- сатып алушының көңілін аудару;<br>
- сатып алушыға тауар (қызмет) сатып алудың пайдасын көрсету;<br>
- сатып алушыға тауарды қосымша зерттеу мүмкіндігін ұсыну;
</td>
<td>- Жарнаманың негізгі мақсаттарын анықтайды;<br>
-жарнаманың қолданылу ерекшеліктерін ажыратады;<br>
-визуалды көрудің ерекшеліктерін анықтайды;<br>
-визуалды материал түрлерін ажыратады;</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>«Попс формуласы»: «Жарнама сатып алушылардың назарын аударуға, жүрегін жаулауға, жол табуға тырысады»<br>1-қадам: «Менің ойымша...»<br>2-қадам: «Себебі мен оны былай түсіндіремін...»<br>3-қадам: «Оны мен мынадай фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»<br>4-қадам: «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім...»<br>Визуал материал түрлері. Визуал материал қандай да бір ақпаратты не деректерді көрсетудің ең танымал тәсілі болып келеді. Жақсы жасалған қызықты графиктер де, нашарлары да вирустық сипатқа ие болып, интернет кеңістігінде жылдам таралып кетеді.<br>Үш жақты түсіндірме күнделігі
<table>
<tr><td>Ең маңызды ақпарат</td><td>Неге?</td><td>Сұрақ?</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
